БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі « Ақжайық» бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісі Б.Сансызбаев

“1-қыркүйек білім күні ”

«Барлық топтар»
Тәрбиеші:Абдраманова Хуснора

2025-2026 оқу жылы

1 қыркүйек - Білім күніне арналған салтанатты іс шара

Мақсаты:

1. Бүлдіршіндерге Білім күні мерекесінің мән - мағынасын ұғындыру;
2. Сахналық мәдениетін қалыптастыру;
3. Мерекелік көңіл - күй сыйлау.

Тәрбиеші: Салеметміздерме, құрметті ата - аналар, балалар, барша қонақтар! Бүгін - 1 қыркүйек - білім күні. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Тәрбиеші: Биіктерге бастайтын асқаралы
Әр жүректің сүйікті, асқақ әні
Мерекеде бәріміз бір дауыспен
Шырқайық әнұранді!

Әнұран

Тәрбиеші: Бүгінгі білім күні мерекесімен құттықтау құрметі «Ақжайық бөбекжай - балабақшасының» директоры Мұстафа Мөлдір Нұрланқызына ұсынылады.

Құттықтау сөз

«**Қамажай»биі** орындалады. (Мехринса)

Тәрбиеші: Білім бастауы - балабақшада. Ендеше бүгінгі мерекелік іс-шарамызды бастайық!

Ортаға тәрбиеші мен кіші топтың бүлдіршіндері шығады.

Балабақша- үйіміз,

Күнде келіп күліппіз.

Ойын ойнап, ән салдық,

Кітап ашып, сыр аштық (Ибош)

Біздің бақша көңілді

Ән де, би де төгілді.

Доска толы,әлемім,

Бақшам –менің әуенім. (Салих)

Бақшада мен күлемін,

Білім алып жүремін.

Тәрбиеші-анамдай,

Мейірімін аямай. (Раяна)

Бақша-менің мекенім,

Достарым көп, көп елім.

Ән айтамыз, ойнаймыз,

Күні бойы тойлаймыз (И.Аиша)

«**Гүлдер»биі** орындалады. (Малика)

«**До Ре Ми»биі** орындалады. (Озада)

Тәрбиеші: Енді біздің ортаңғы топ балаларымыздың өнерін тамашалаңыздар!

Қолда қалам, дәптер бар,

Үйренетін уақыттар

Білім күні басталды,

Көп нәрсені жаттап ал! (Мухаммедали)

Күз келді, күз сәнімен,

Білім күні бәрімізге мәнімен

Қош келдіңдер, достарым,

Оқу жылы басталды! (Шавкатов)

Білім-өмір шамы ғой,

Ұстаз- дана жан ғой

Үйренеміз барлығын,

Біліммен табыспын (Шадиана)

Таңмен бірге ояндым,

Сөмкемді мен жинадым

Мектепке асығып келем,

Білімді боп шығам (Мухаммад)

«**Үйретеді»ән** орындалады. (Хуснора)

БИ (Дилорам**)**

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық.

Оқысаңыз , балалар,

Шамнан шырақ жағылар,

Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар. (Бахтияр Алихан)

Шырылдаған тыным алмай,
Қоңыраудын үні қандай,
Мақсатына жетеме адам,
Оқу оқып білім алмай. (Салханова Назима)

Қиындықтан өтуге,
Армандарға жетуге,
Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге. (Салханов Мухаммад)

Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз
Балапандай мәпелеп
Өсіруде бақшамыз (Тимур)

«**Ұстазым»биі** орындалады. (Гульбахар)
«**Ұстаз-ана»хор** орындалады. (Мехринса)

Тәрбиеші: Жарайсыңдар. Өнерлерің өрге жүзсін!

ТАППАҚ (Хуснора**)**

«**Алға Қазақстан»биі** орындалады. (Мехринса)

«**Вальс»биі** орындалады. (Хуснора)

Тәрбиеші: Жаңа оқу жылын қоңыраудың сыңғырымен бастау - жылдар бойы жалғасын тауып келе жатқан қалыптасқан дәстүр. Ендеше биылғы 2025 - 2026 оқу жылының қоңырауын қағуды кішкентай бүлдіршініміз **Холметова Робия** қызымызға ұсынамыз!
Алғашқы қоңырау соғу салтанаты

Тәрбиеші: Шырылдаған тыным алмай
Қоңыраудың үні қандай!
Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?!

Ғылымның көп тас қамалы
Ғалымдық та асқаралы
Бар білімнің нұр бастауы -
Балабақшадан басталады!
Бүгінгі мерекелік ертеңгілігіміз осымен тамам. Ден қойып тамашалағандарыңыз үшін көп рахмет! Баршаңызды балабақшамыздың білім бағына шақырамыз!
Ән «Күмбірле қоңырау»

Бекітемін:

ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы

Меңгерушісі Б.Сансызбаев

Ашық сабақ

Тақырыбы: «Тәуелсіз Республикам менің»

Тәрбиеші:Темирханова М

2025-2026

25 қазан «Республика күні»

Мақсаты: Балалардың туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.ҚР рәміздерін қайталап,еске түсіру.

Көрнекілігі: Ту, Елтаңба, ұлы тұлғалардың суреттерін ілу.ҚР картасының суреті.

Жүргізуші:

Біз, қазақ халқы оны ұзақ уақыт аңсадық, арман тілегімізді ғасырлар бойы жырға қосып, тасқа қашадық. Күннен күн келді, аңсаған таң атты, тілегіміз қабыл болып, егемендік болдық. Жүрегімізбен жар салып, жер жаһаннан сүйінші сұрадық. Алдағы күннен сенім арттық. Бүкіл ел болып әр жетістігі не балаша қуандық, алар асуымыз алда. Сен мықтылардың қатарындасын. Шарықта,самға,
Тәуелсіз Республикам менің!!!

1.Әнұран

Жүргізуші:

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!
Шолсаң да биік аспаннан
Қарқырар кені тастардан
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын тірегі
Республикама қарашы!

Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушылар, бүгінгі мерекеміз Республи ка күніне арналған, кешімізді ашық деп жариялаймыз!

“Балапан”тобы қыздарының” Тәуелсіз Қазақтың қызымын” атты биін тамашалайық.

«Гүлдер» тобының өлең шумақтарын ұсынамыз .

Тәуелсіздік халықтың арман қанаты. 1991 жылы біз қанатымызды байлап тұрған құрсауды бұзып, биікке құлаш сермедік, әлемге Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде жариялады қ. Біз, өз Отынымыздың жаңа дәуір тарихын бірге жаздық, негізін бірге қаладық. Халықтың ынтымағы бізді мызғымас тәуелсіз мемлекетке айналдырды, береке мен бірлік, татулық пен келісім бұл біздің тәуелсіз мемлекетіміздің жетістігі және өркениет көшіне ілесуінің кепілі болып табылады.

Шалқыса қуанышпен от жүрегім,
Мен сонда ақтарыла көп күлемін.
Тек қана гүл көңілдің айғағысың,
Би-шаттық, би-мереке деп білемін-дей келе, «**Күншуақ**» тобының **«Хас жүйрікте сын болмас»** биін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші
Өлең жазсам іштегі шер шығады,
Шер адамды шықпаса кем қылады.
Тарқатайын шерімді өлең қылып,
Шарықташы шабытым келші тағы! **«Балапан» тобын өлең шумақтарымен қарсы алайық.**

Рахман

Қазақстан отаным,
Күндей күліп атады
Республика ел күні,
Бақыт шашар әр күні

Муслима

«Көк байрағым көгімде,
Қыран құстай желбіре.
Қазақстан – Отаным,
Жарқырай бер мәңгіге!»

Искандар

Айнымауды аспанан
Біздің тудың бояуы.
Оны халық қашанда,
Биікке іліп қояды

Абдулазиз

Күнді құшқан қос қыран
Аясында қалқыған.
Аспан түсті туым бар,
Көк теңіздей шалқыған.

Жүргізуші: Бүгінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаев Елбасы саясатының сабақтастығын сақтап, жүйелі

реформалар жүргізу арқылы елімізді әлемдегі беделді әрі орынықты мемлекетке айналдыруды жалғастыруда. Ел басымыз еліміздің болашағы үшін еңбек етуде. Біз ел басымызды қолдап еліміздің биіктерден көрінуін тілейміз. Әр қашан «Алға Қазақстан» деп ұран етеміз. Алдарыңызда еліміздің болашағы үшін жан аямай күресетін, болашақ патриот «Гүлдер» тобының ұл-қыздарының орындауында **«Алға Қазақстан»** биі.

Жүргізуші: Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы. **«Күншуақ»** тобын өлең шумақтарымен қарсы алыңыздар.

Алихан

Нұрына шомылдырып алтын күннің,
Республикам ертеңге талпындырдың.
Өзіңнен шабыт алып алтын қиял,
Шалықтап кең далада шалқып жүрмін.

Мухаммад

Егемен елім десем,сенім кіріп ,
Бойымды билеп кетер сенімділік.
Ешкімге ауыстырмас алтын Отан,

Назима

Жарқырапжанған күндей азаттығы,
Көрінер ұлтымның да ғажаптығы.
Республика күнімен құттықтаймын,
Өйткені ол -Ұлт күні,Қазақ күні!

Жүргізуші: Отан, Отан!!! Сен болмасаң нетер ем? Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем! Қазақстан Республикасына деген әрбір азаматтың мақтаныш сезімі мереке кезінде қалай болса да шалқитындай реті бар. Ата - бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсап өткен Тәлсіздікке қол жеткізгелі бері еліміз талай – талай асқарлы асуларды бағындырды. Бұл егеміндік біздің елімізге жеңіл келген жоқ. Ата-бабаларымыз ел үшін қан төкті. Ер жігіттерімізбен қатар тұрып сұлу аруларымыз да жаумен күресті. Біз рухты жігіттердің ұрпағымыз, біз рухты арулардың ұрпағымыз.Алдарыңызға **«Рухты ару»** биімен **«Ақ көгершін»** тобын қарсы алыңыздар.

Жүргізуші: Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы? Дей келе «**Балдәурен**» тобы тәрбиеленушілерінің өлең шумақтарын ұсынамыз.

Жүргізуші: Төрге жетіп, жоғалмай қазақтығым,
Келешек деп жаңғырды азат үнім.
Бабам өткен сан жылдар бойы аңсап,
Екі дүние бақыты - Азаттығым. **«Күншуақ»** тобын «Ер жасқан» биімен қабыл алыңыздар.

Жүргізуші: Егеменді еліміз жер бетіндегі басқа мемлекеттермен терезесі тең, өркениетті ел ретінде танылып өзінің Елтаңбасын, Туын, Әнұранын белгіледі. Осы бір қасиетті белгілердің мәнін әрбір ұрпақ терең түсініп, оны қастерлей білу керек.

«***Бәйтерек***» тобынан өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.

Абдумуталип Мубина

Республикам бақытым,
Мерекеге бастайтын.
Құтты болсын күн бүгін,
Шаттығымды растайтын.
Атаханова Мубина
Құтты болсын бүгінгі,
Республика күні бұл.
Әр қазақтың лүпілдер
Жүрегінің үні бұл.

Сухроб
Республикам бақытым ,
Елге сенім беретін.
Құтты болсын мереке,
Әр жыл сайын келетін.

Нурбақ
Құтты болсын мереке,
Республика күні бұл.
Қазақ атты танылсын,
Шырқалып ән ,жыр бұл.

«Балдәурен» тобының қазақша биін қабыл алыңыздар.

«Балдырған» тобы тәрбиеленушілерін өлең шумақтарымен қабыл алыңыздар.

«**Бәйтерек**» тобы сұрақ жауап .

Өзегімді өртке ораған қоғамда,
Өз үйіме өзім өгей болам ба?!
Алшаң басып жүре алмаса алты алаш
Азаттығым! Қадірің де жоқ онда!
...Саған жету қиын болса қаншалық,
Сақтап тұру қиынырақ одан да!
Алла берген азаттықтың әр сәті-
Аманат қой
Маған,
Саған, Оған да!

«**Ақ көгершін**» тобының тәрбиеленушілерінен өлең шумақтарын қарсы алыңыздар.

«**Бәйтерек**»тобынан қазақша би қарсы алыңыздар.

Жүргізуші: Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй. **«Ақ көгершін»** тобының тәрбиеленушілерінің орындауында **«Хор»**

Байтақ дала жерім менің
Арта берсін даңқың сенің
Көк байрағың желбіресін
Егеменді елім менің – дей отырып,
Құрметті қонақтар, балалар осымен Республика күніне арналып ұйымдастырылған оқу іс әрекетіміз аяқталды зейін қойып тамашалағандарыңызға рахмет.

Бекітемін:

ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы

Меңгерушісі _____ Б.Сансызбаев

Ашық сабақ

Тақырыбы: «16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні»

Тәрбиеші: Нурполатова С

2025-2026 оқу жылы

"16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні!"

Мақсаты:

1) Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру балалардың Отанға деген сүйспеншіліктерін арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекетік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы тақпақ. атриоттық сезімге баулу.

2) Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.

3) Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүюге тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Қазақ елім, туды жастық дәуірің,

Алғандайсың жұлдыздардың жарығын

Тәуелсіздік құтты болсын, ағайын!

Тәуелсіздік құтты болсын, албыным!

Құрметті тәрбиешілер, балабақша бүлдіршіндері, қонақтар Тәуелсіздік мерекесіне орай өткізіліп отырған мерекелік ертеңгілімізге қош келдіңіздер!

Бүгінгі мерекеміз тәуелсіздік күніне арналған кешімізді ашық деп жариялаймыз!

Әнұраны елімнің

Шақырады бірлікке

Егеменді халқымның

Болашағы бірлікте.

Қазақстан республикасының мемлекеттік Әнұранын орындаймыз.

Әнұран

Жүргізуші:

-Балалар, біз аспаны ашық, сәулелі, кең, байтақ елде тұрамыз. Ол ел -Қазақстан Республикасы. Біздің Отанымыз – тәуелсіз, егеменді мемлекет. Біздің еліміздің Туы, Елтаңбасы, Әнұранымыз бар. Біздің тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Біздің қазіргі елбасымыз – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Біздің тәуелсіздік алған күніміз – 16 желтоқсан.

Тәуелсіздік дегенде көңілден жыр-шумақтар ағытылар. Ендеше **"Балапан"** тобының өлең шумақтарын тыңдайық.

Жүргізуші: Міне, Тәуелсіздік мерекесі де келіп жетті. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне биыл 34 жыл толады. Баршаңызды сол тарихы тереңде жатқан айтулы мерекесімен құттықтаймыз. Біз ата-бабамыздың аңсаған арманы орындалып, қазақ елінің Тәуелсіз мемлекет атанып, көк туы желбіреген жұлдызды сәтін өз кізімізбен көруге жазылған ұрпақпыз.

Сахнаға ұлттық рух сыйлайтын" **Балдәурен"** тобы шақырылады. Назарларыңызға – "**Текемет**" биі.

Жүргізуші:

Бүгін біз өз еліміздің ең басты мерекесі – Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік концертімізді бастаймыз. Біз бірге елімізге деген сүйіспеншілігімізді, туған жерге деген махаббатымызды ән мен күй арқылы жеткіземіз. **"Бәйтерек"** тобының мүшелері Қазақстанның тәуелсіздігін дәріптей отырып, бірлік пен татулықты хор арқылы жеткізеді.

Жүргізуші:

Мұз жастанып азаматтық жолында,
Тәуелсіздік туы тұрды қолында.
Жеңіп шықты, бас имеді, қасарып
Сойыл таяқ ойнаса да жолында
Желтоқсан-ау, ұмтылмайсың жүректе
Ұрпақ өсер айналатын тірекке
Егемендік тиді міне еншіме
Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке. Кезекті **"Балдырған "** тобы жігіттерінің **"Әл-қиса"** күйіне арналған биін қарсы алайық.

Жүргізуші:

Тәуелсіздіктің төріне қонған бүгінгі шуақты мерекеміз — халқымыздың сан ғасырлық арман-тілегінің, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан үмітінің жеңісі. Егемендіктің еңселі жылдарына көз салсақ, елдің ынтымағы мен бірлігі, ұлттың намысы мен рухы біздің барша жетістігіміздің негізіне айналды. Міне, сол тәуелсіз таңның арайлы шапағын жүректеріне ұялатып, елдіктің қадірін өлеңімен өрнектеп, рухани қуат сыйлау үшін сахна төріне **«Күншуақ»** тобы шақырылады. Олар өздерінің мөлдір де мағыналы жыр жолдары арқылы Тәуелсіздік атты асыл ұғымның қадір-қасиетін, елге деген махаббат пен перзенттік парызды өлең болып өріп, сіздердің жүректеріңізге жеткізбек. Қошеметпен қарсы алыңыздар — жүрегінде күннің нұры, сөзінде елдің рухы бар **«Күншуақ»** тобының әсерлі өлең шумақтары!

Жүргізуші: Бүгінде Қазақстан Республикасының
Президенті Қасым Жомарт Тоқаев Елбасы саясатының сабақтастығын сақтап, жүйелі реформалар жүргізу арқылы елімізді әлемдегі беделді әрі орнықты мемлекетке айналдыруды жалғастыруда. Елбасымыз еліміздің болашағы үшін еңбек етуде.Біз елбасымызды қолдап, еліміздің биіктерден көрінуін тілейміз. Әр қашанда "Алға Қазақстан" деп ұран етеміз. Алдарыңызда еліміздің болашағы үшін жан аямай күресетін, болашақ патриот **"Гүлдер"** тобының орындауында **"Рух" биі.**

Жүргізуші:
Мұз жастанып азаматтық жолында,
Тәуелсіздік туы тұрды қолында.
Жеңіп шықты, бас имеді, қасарып
Сойыл таяқ ойнаса да жолында

Желтоқсан-ау, ұмтылмайсың жүректе
Ұрпақ өсер айналатын тірекке
Егемендік тиді міне еншіме
Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке. Кезекті **"Ақ көгершін"** тобы
жігіттерінің **"Адай"** күйіне арналған биін қарсы алайық.

Жүргізуші:
Келесі кезекте **"Балапан"** тобының бүлдіршіндерінің тақпақтарын тыңдайық

Жүргізуші:

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Тептегіс жұмыр келсін айналасы – дей келе
«Балдырған»тобын өлең шумақтарымен қарсы алыңыздар.

Жүргізуші:
Отан оттанда ыстық дегендей, Отан үшін жанын берген аға – әпкелерімізге арнап **"Балдәурен"** топ ұлдарының орындауында **«Өнеріміз саған Қазақстан»** биін қабыл алыңыздар!

Жүргізуші:

Сахнаға нәзіктігі мен әсем қимылымен көрерменге шуақ шашатын **"Күншуақ"** тобының қыздары келеді. Олар Тәуелсіздіктің рухын дәріптеген әсем биімен сіздерге көтеріңкі көңіл күй сыйлайды. Ортада **"Күншуақ"** тобы.

Жүргізуші:

Келесі кезекте сахна төріне жүректен шыққан жырлары арқылы туған жерге деген сүйіспеншілікті жеткізетін **"Гүлдер"** тобы шақырылады. Тәуелсіздікке арналған өздерінің әсем өлеңін тарту ететін бүлдіршіндерімізді үлкен қошеметпен қарсы алайық!

Желтоқсанда жастарым,
Аяз қарып тәніңді .
Намысы үшін қазақтың ,
Құрбан еттің жаныңды .

Сол бір суық желтоқсанда ,
Бозторғай жаны шырылдап .
Қатерге тігіп бастарын ,
Алаңға шықты жастарым.

Желтоқсанның жаңғырығы ,
Жүрегімді тілгіледі.

Батыр Қайрат ,Лаззаттардың,
Қаны бекер төгілмепті .

Желтоқсанның батырлары ,
Әдемі өмір сыйлады .
Енді міне , Қазақстан ,
Мемлекеттің іргетасын .

Берік етіп қалап алып ,
Болашаққа қадам басты .
Ерлік жасап ,құрбан болған ,
Азаттықты аңсаған .

Тәуелсіздік таңы атты ,
Ұмытпаймыз ешқашан !
Қазағымның аңсаған ,
Ар -намысын жалғаған ,
Тәуелсіздік тұрғанда ,
Арайлап атар әр таңым !

Жүргізуші:

Тал шыбықтай бұралған
Қазағымның қыздары-ай
Сүйсіндірген биімен
Өнерлі ғой қыздар–ай - деп

"Бәйтерек" тобы қыздарының биін тамашалыңыздар!

Жүргізуші:

Тәуелсіздік рухын бойына сіңірген өр мінезді қазақ қыздарының қайсарлығын, ел қорғаған аналардың асқақ бейнесін сахнада жандандыра отырып, ерлік пен сұлулықты қатар өрнектейтін әсерлі қимылдарымен сіздерге рух сыйлауға **«Ақ көгершін»** тобының нәзік те жігерлі қыздары келеді. Қошеметпен қарсы алыңыздар — ел тәуелсіздігінің символындай асқақ рухты паш ететін айбынды **«Томирис» биі!**

Жүргізуші:

Келесі кезекте туған елдің тұғырын жырмен тербететін нәзік үнді бүлдіршіндер — **"Балдәурен"** тобы. Тәуелсіздікке арналған жүрекжарды өлең шумақтарын қабыл алыңыздар!

Жүргізуші:

Келесі кезекте әсем биімен **"Балдырған"** тобы жігіттерінің биі. Қошеметпен қарсы алайық

Жүргізуші:

Егеменді еліміз жер бетіндегі басқа мемлекеттермен терезесі тең, өркениетті ел ретінде танылып өзінің Елтаңбасын, Туын, Әнұранын белгіледі. Осы бір қасиетті белгілердің мәнін әрбір ұрпақ терең түсініп, оны қастерлей білу керек.

«**Күншуақ**» тобының орындауында ұлдар биін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші:

Келесі кезекте бейбітшілік пен еркіндіктің символындай болып, жүректерге үміт сыйлайтын **"Ақ көгершін"** тобы өздерінің Тәуелсіздікке арналған өлең шумақтарын тарту етеді. Қошеметтеп қарсы алайық!

Жүргізуші:

Шалқыса қуанышпен от жүрегім,
Мен сонда ақтарыла көп күлемін.
Тек қана гүл көңілдің айғағысың,
Би-шаттық, би-мереке деп білемін-дей келе, «**Гүлдер**» тобы қыздарының **«Үкілім** » биін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші:

Кезекті **"Бәйтерек"** тобы жігіттерінің жыр шумақтарына берейік

Мурод

Отан менің үйім

Отан менің жерім

Тәуелсіздік күнімен

Құттықтаймын елім

Нұрбақ

Ар-намысым ардақты

Қасиетім сен соққан

Ерік-жігер, күш-қуат

Бәріде сен желтоқсан

Давлат

Тәуелсіздік тірегім

Тәуелсіздік жүрегім

Мерекеге мың алғыс

Елге бақыт тіледім

Эляр

Азаттықтың көк туы

Желбіресін көгімде

Бар жақсылық орналсын

Егемендік елімде

Жүргізуші:

Тәуелсіздік таңының нұрындай ақ пейіл мен тыныштықтың символын дауысымен әуелете өрнектейтін **«Ақ көгершін»** тобының мерекелік хоры сахна төріне шақырылады. Бұл хор — азаттықты жырлаған ел жүрегінің әуені, бейбіт аспан астында тербелген ұрпақ үні. Көңілге шуақ құйған нәзік те мағыналы әуендерді қабыл алыңыздар, сахнада — **«Ақ көгершін»** тобы!»

Жүргізуші:
Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз. Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жақсы оқып,үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жеріңді көркейтіп, қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар. Құрметті қонақтар,Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын, еліміз–аман, жұртымыз тыныш болсын, еліміздің мықты азаматы болыңдар балалар.

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі « Ақжайық» бөбекжай - балабақшасы

Меңгерушісі_____Б.Сансызбаев

Ғажайыпқа толы Жаңа жыл!

Тәрбиеші: Абдраманова Х

2025-2026 оқу жылы

Тақырып: "Ғажайыпқа толы жаңа жыл!"

Мақсаты: Балаларға жаңа жыл туралы түсінік беру. Аяз Ата сыйлық беретінін айтып, балаларды қуанышқа бөлеу. Шыршаның әсемдігіне назар аударып, ойыншықтардың әдемілігіне қызықтыру.

Әндер, билер арқылы балаларды өнерге талпындыру. Өлеңдерді мәнермен айтып, ертеңгілікте достық сезімдерін ояту, ән, тақпақ арқылы сөздік қорын дамыту.

Ескі жылмен қоштасып, кіріп келе жатқан жаңа былмен таныстыру.

Ертеңгілік барысы: Зал іші әдемі безендірілген. Ортада әдемі шырша. Әсем әуенмен әдемі киінген балалар.

Жүргізуші: Қандай жақсы шыршамыз,

Ән шырқайық, баршамыз.

Тақпақ айтып, би билеп,

Жаңа жылды бастайық

Құрметті қонақтар, әріптестер көптеп күткен мерекеміз жаңа жылда келіп жетті. Биылғы жаңа жыл баршамыздың отбасыларымызға бақыт, береке, ынтымақ алып келсін.

Кіріп келе жатқан жаңа жыл мерекелеріңізбен құттықтаймыз .

Құттықтау сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі С.Батырхан ағайымызға берсек .

Олай болса "Ғажайыпқа толы жаңа жыл " атты кешімізді ашық деп жариялаймыз.

Жүргізуші:

Балалар шырша әлі ұйықтап жатқан сияқты, қараңдаршы қандай әдемі ойыншықтармен безендірілген, кәне шыршаның шамдарын жағайық.

Ол үшін шыршаға үрлейік (балалар үрлейді)

Шыршаның шамдары жанбай тұр ғой? Енді не істейміз?

Шапалақтайық (балалар шапалақтайды) жамбайды.

Сол кезде ортаға жүгіріп сахнаны айнала сиқыршы кіреді .

Сиқыршы : саламатсыздарма қонақтар , саламатсыңдарма балалар .

Сонау алыстан дауыстарыңды естіп жүгіріп келдім .

Әуелі мерекелеріңмен қуттықтайын. Жаңа жыл мерекесі құтты болсын .

Менің кім екенімді білесіңдермеее?

Балалар :жооок

Сиқыршы : мен сиқыршымын жаңа жылдық шыршаны бірге оятуға келдім.

Сиқыршы: Абрака , дабрака , куф суф деп шапалақтасақ шырша оянады , шаршамыз жанады

Сиқыршы мен балалар шыршаны оятады .

Жүргізуші: Рахмет сізге сиқыршы ағай , сіз келмегенде біз шыршаны жағалмайтын едік, балалардың өнерін тамашалаңыз .Бүгінгі кешімізге қонақ болыңыз.

Сиқыршы: Рахмет сендерге балалар.Жаңа жылдық кешке ең маңызды қонақтарды мен өзіммен ертіп келдім .

Жүргізуші: Олар кім болды екен ?

Сиқыршы: Жаңа жылдың көркіде, сәніде Аяз ата мен Ақшақарды қарсы алайық . Қане бәріміз қонақтарды сахна төріне шақырайық .

Сықыршы мен балалар : Аяз ата келіңіз , Ақшақар келіңіз деп шапалақтап айғайлайды .

Есікті қағып Аяз ата мен Ақшақар кіреді .

Аяз ата мен Ақшақар: Өз сәлемдерін жолдап, жаңа жыл мерекесімен құттықтайды . Өздерімен қоса сыйлықтар алып келгендерін және жаңа жыл жылқы жылын алып келгендігін айтады .

Жүргізуші:Сәлеметсізбе аяз ата Ақшақар.Сахна төріне өтіп бүгін бізге қонақ болыңыздар .Балалардыңда сіздерге арнаған силықтары бар .Біздің тәтті балалар өз өнерлерін көрсетсіз , ойнап күліп тамашалаңыздар .

Жүргізуші: Алдымен ескі жылмен қоштасып ,жаңа жылды қарсы алайық балалар .

Жылан :Сахна төріне ирелеңдеп тұрып ескі жыл ,жылан жылы кіріп келеді .

Жылан : Амандасып , мен сендерге көп сынақ пен сабақ әкелдім .

Бірақ қуаныш пен жетістікте сыйладым . Мені қуана естеріңе алып жүріңдер . Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын . Менің уақытым таяп қалды қош сау болыңдар балалар .

Жүргізуші: Рахмет саған ескі жыл , сау бол .

Жүргізуші: Жаңа жылымыз қандай жыл екен балалар , қане бәріміз төрлет жаңа жыл деп ортаға шақырайық .

Сол кезде сахна төріне жылқы секіреп ,шауып кіріп, сахнаны бір айналады .

Жылқы: Сәлем бердік балалармен қонақтар.

Жылқы: Мен сендерге бақыт , денсаулық , жаңа арман мен жаңа үміт әкелдім

Жаңа жылдық кештің көркіде сәніде менмін , өнерлеріңді тамашалауға келдім .

Жүргізуші:Төрлет жаңа жыл. Бізде сені асыға күттік .Сахна төріне жайғаста бүлдіршіндердің тәтті өнеріне тәнті бол.

Кел, балақай шырша дайын,

Қол ұстасып ән салайық,

Жаңа жылдың жарқын айын,

Әнмен бимен қарсы алайық.

Дей отырып жаңа жылдық кешімізді жалғастырайық .

Сахнар төріне Балапан тобының бүлдіршіндерін "Аяздар " биімен қарсы алайық

Аяз ата : жарайсыңдар өнерлі екенсіңдер, сендерге тәнті болдым

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды,

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді,

Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы!

Құтты болсын ағайын!

Жаңа жылың тағы да,

Қол соғып қарсы алайық,

Шақырайық ортаға

Ертеңгілік жалғассын.

Дей отырып таңдайы тақылдаған бүлдіршіндеріміздің тақпақтарына кезек берсек.

Балдырған тобы тақпақтар

Айша

Жасыл желек жамылған,

Асыл моншақ тағынған.

Міне сұлу шыршамыз,

Көптен күтіп сағынған.

Данияр

Тамаша,тамаша

Шыршамыз тұр жараса,

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса

Абдурахим

Ақ таяғын таянып,

Таңмен бірге оянып,

Аяз ата келіп тұр,

Ақ күпіге оранып.

Мариям

Әдемілеп, біз ілген,

Ойыншықтар тізілген

Қандай жақсы шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар. Жаңа жылға барлығы жақсы дайындалған, осындай өнерлерімен белсенділік танытып жүрген балдәурен тобының бүлдіршіндеріде қалыспаймыз деп отыр .

Олай болса сахна төріне Балдәурен тобының бүлдіршіндері жаңа жылдық тақпақтарымен қарсы алайық .

Балдәурен тобы

Мариям

Аппақ тонға оранып,

Базарлықты мол алып,

Келді алыс сапардан,

Аяз ата оранып.

Надыржанова Муслима

Аяз ата келіп тур,

Бізге сәліп беріп тур,

Такпақ айткан балдарға,

Силықтарын беріп тур,

Жаңа жыл келгенде,

Қуанап қарсы аламыз,

Аяз ата келгенде,

Билейміз, ән саламыз.

Мирзаханова Муслима

Келді тағы жаңа жыл,

Қуантумен біздерді,

Құтты болсын қуаныш,

Құттықтаймыз сіздерді.

Нишанбаева Хадича

Би билейміз, ән салып,

Жырдан шашу төгілді ,

Бугін біздің Жаңа жыл ,

Қандай қызық көңілді .

Бахадирова Назима

Абдурахман

Тамаша.тамаша!

Шыршамыз тұр жараса,

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.

Аяз ата: жарайсыңдар балалар , бәрекелді неткен өнерлі балалар.

Сендерге сыйлықтар әкелдім .Сендердің өнерлеріңді көріп өзімнің алып келген сыйлықтарымды табыстаймын .

Жүргізуші: Рахмет Аяз ата олай болса бізбен бірге ойнап күліп билеп отырыңыз.

Балапан тобын "Жаңа жыл"атты биімен қарсы алайық

Жүргізуші: Бәрекелді балалар,жарайсыңдар.

Ойнайықта күлейік , жаңа жылды тойлайық . Жаңа жылдық кешімізді әрі қарай жалғастырайық.

Гүлдер тобы жігіттерін жаңа жылдық биімен сахна төріне шақырсақ.

Мыстан кемпір : Әдімі безендірілген сахна төріне сыпыртқысымен ұшып кіреді .

Мыстан: Пай-пай! Мен қайда келдім өзі. Мына шыршаның кереметін-ай! Уйге алып кетсем бе екен?Осы кезде мыстан төменге еңкейіп, шыршаның түырімен жұлып алғысы келеді.

Жүргізушу:Мыстан кемпір! Мыстан оған мән бермейді де шыршаны жұлуын тоқтатпайды

Біз «Жаңа жыл» мейрамын тойлап жатырмыз,тимеңіз біздің шыршамызға!

Мыстан сөзге мән бермей, былай дейді: Туу! Маңдайдағы терін сүртіп, тұрып.Мына шыршаның тамырының терең отырғызылғанын-ай, жұлынбайды ғой.

Аяз атада осында екенғой

Не болып жатыр өзі мұнда

Жүргізуші: Мыстан, бұл балабақша . Біздің әдемі безендірілген бала бақшамызда жаңа жылдық кеш болып жатыр .

Жаңа жылдық кештің шырқыр бұзбай оданда бізбен бірге жаңа жылды қарсы ал би биле .

Мыстан: Ооооой балалар , қонақтар кешіріңдер . Мен білмеппін . Қане қандай өнерлерің бар көрейік .

Жүргізуші:Ал мыстан біздің балаларымыздың өнеріне тәнті бол .

Күншуақ тобының қыздарын жаңа жылдық биімен ортаға шақырсақ.

Мыстан: Осы ғанама мен билеп те , күліпте үлгермедімғой .

Жүргізуші: Әй мыстан сабыр сақта біздің кешіміз енді ғана басталды . Ойнапта , күліпте үлгересің әлі.

Ақкөгершін тобының бүлдіршіндерін ортаға шақырсақ . Ақкөгершін тобы жаңа жылдық тақпақтары мен сахна төріне .

Мыстан: Жарайсыңдар балалар .Қандай өнерлі едіңдер өздерің. Бір марқайып қалдымғой

Жүргізуші:

Жаңа жыл, жаңа жыр,

Жаңа жылда жаңа жыр,

Жасыл шырша жанында,

Жадырап барлық бала жүр.

Жаңа жылдық кешімізді әрі қарай жалғастырсақ.

Балдырған тобының жігіттерін " Айдахар" биімен қарсы алайық .

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар . Келесі кезекті тақпақтарға берсек .

Бәйтерек тобының балалары жаңа жылдық тақпақтары мен сахна төріне шақырсақ.

Нұрбақ

Жаңа жылым мол болсын ,

Басқан қадам оң болсын,

Төрле төрле жаңа жыл,

Бізге құтты жыл болсын.

Сухраб

Ақ қар жапты даланы,

Ақ жамылды айнала,

Жарқыратып шамдарын,

Шырша келді ортаға.

Фатима

Ақ қырауға малынған,

Сақалы да, мұрты да,

Аяз ата сағынған,

Сәлем берді жұртына.

Эляр

Әдемілеп біз ілген,

Ойыншықтар тізілген,

Қандай әсем шыршамыз,

Ән шырқайық баршамыз.

Еркеназ

Ақ таяғын таянып,

Таңмен бірге оянып,

Аяз ата келіп тұр,

Ақ көрпеге оранып.

Мурод

Оралды өлкеме,

Жаңа жыл армысың,

Оранды ақ көрпе,

Асқартау қарлы шың.

Алимжон

Келді міне Жаңа жыл ,

Қарсы алайық бәріміз,

Күліп ойнап, би билеп

Ән салайық бәріміз.

Даулат

Сақалы аппақ күмістей,

Тістері аппақ күріштей ,

Қызыл ала шапаны, Сағындым аяз атаны.

Икрам

Аяз ата келіп тұр,

Бізге сәлем беріп тұр,

Тақпақ айтқан балдарға,

Сыйлықтарын беріп тұр.

Мухаммад

Ал балалар билейік ,

Ойнайықта күлейік,

Аяз ата қуансын,

Тақпақ айтып берейік.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар.Аяз ата , Ақшақар , Мыстан сіздерге ұнап жатырма бүгінгі кешіміз

Аяз ата : Я балалар өте керемет .Сендермен бірге қосылып ойнап та, күліп те , билеп те отырмыз

Өнерлерің өрге жүзсін рахмет сендерге.

Жүргізуші: Олай болса көнілдеріңіз көтеріліп қалсын .

Балдәурен тобының қыздарын жаңа жылдық биімен ортаға шақырайық.

Жүргізуші: Армысыңдар халайық!

Бармысыңдар халайық!

Жаңа жылды жұп жазбай

Бірге қарсы алайық!

Өленде әзір әнде әзір

Ойында әзір бәрі әзір

Кел жаңа жыл біздерге

Кел жаңа жыл, жаңа жыл

Дей отырып келесі кезекті Балдырған тобы қыздарына берсек

Балдарған тобы қыздары " До ре ми " биімен қарсы алыңыздар .

Мыстан : Балалар жарайсыңдар . Қандай өнерлі едіңдер . Жаңа жылдық кешке шақырғандарыңа рахмет . Бірақ менің кетуім керек . Рахмет сендерге .

Жүргізуші: Сағанда рахмет келе жатқан жаңа жылыңмен тағы да құттықтаймыз . Қош сау бол .

Мыстан: Сау болыңдар жаңа жылдарыңмен құттықтаймын .

Жүргізуші:Ал жарайды біз жаңа жылдық кешімізді жалғастырайық.

Сахна төріне Балдәурен тобы жігіттерін жаңа жылдық биімен қарсы алайық .

Жүргізуші: Аққөгершін тобының қыздары жаңа жылға дайындаған билерін тарту етсін .

Сахна төріне Аққөгершін тобының қыздарын қарсы алайық.

Тәрбиеші:Аппақ бүгін қыр, далам,

Ақ дастарқан жапқандай.

Халық біткен қарбалас,

Қонақ күтіп жатқандай.

Көңілде көп қуаныш,

Әр көңілде қуаныш,

Кетер жылға мың алғыс

Әкелген көп жақсылық.

Ар жаңа жылда жаңа қадамдармен , жаңа жетістіктермен , сәттіліктермен , қуанышты күндермен толтырайық. Жаңа жылымыз жақсылықтарға толы болсын . Жаңа жылдық кешімізді жалғастырайық

Гулдер тобының бүлдіршіндерін жаңа жылға арналған тақпақтары мен қарсы алыңыздар .

Абдувалиева Айша

Жаңа жылда бақшамыз,

Гүлдей болып жайнасын.

Аман болсын барлық бала,

Шат - шадыман ойнасын.

Жаңа Жыл келеді.

Аширбаев Рашид

Мәз болып, жиналып көп бала

Бір-бірін құшақтап топтала,

Ойыншық іліп жүр шыршаға,

Неткен көп ойыншық мұншама.

Дайын тұр тақпақ пен әніміз,

Әрдайым құлпырсын сәніміз!

Шавкатов Мухаммад Улуғбекович

Тақпақ, өлең жаттадық,

Би биледік көрсін деп.

Аяз Ата шаттанып,

Бізге силық берсін деп.

Жаңа жыл Жаңа Жыл

Жаңа жылға жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Билеп барлыҚ бала жүр

Арипжанова Саломат Исламбековна

Жүргізуші: Жарайсыңдар бәрекелді балалар .

Сахна төріне Бәйтерек тобының мың бұрала биші қыздарын жаңа жылдық биімен қарсы алыңыздар .

Жүргізуші: жаңа жылдық кешімізді әрі қарай жалғастырсақ . Сахнаға **Күншуақ тобының жігіттерін жаңа жылға арналған флешмобын қарсы алайық**

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар . Жаңа жылға дайындықтарың өте күшті Аяз ата мер қонақтардың көңілінен шығып жатыр . Аяз ата барлық балаға қапшығында сыйлықтар алып келген .Жақсы билеп , тақпақтарында жақсы айтқан балдарға беретінін ұмытпайық .

Ақкөгершін тобының жігіттері жаңа жылдық флешмобын қарсы алайық .

Жүргізуші:Келді тағы жаңа жыл

Қуантумен біздерді!

Құтты болсын қуаныш,

Құттықтаймыз сіздерді!

Нұрландырып маңайды

Шырша шамы жағылсын!

Жаңа жылдың құрметіне

Ақ тілектер ағылсын!

Келесі кезек Күншуақ тобының бүлдіршіндерінің тақпақтарын қарсы алайық .

Назима

Жаңа жылым мол болсын ,

Басқан қадам оң болсын ,

Төрле төрле жаңа жыл ,

Бізге құтты жыл болсын.

Мәриям

Далада қар борайды ,

Ақ мамыққа орайды ,

Мұз болады қатады ,

Жып-жылтыр боп жатады.

Мухаммад

Ән айтамыз, би билейміз,

Біз көңілді баламыз,

Шаршауды біз білмейміз,

Тақпақ айтып би билеп,

Аяз атадан сыйлық аламыз.

Алихан

Жаңа жылда бақшамыз,

Гүлдей болып жайнасын,

Аман болсын барлық бала,

Шат-шадыман ойнасын,

Жаңа жыл келеді .

Жүргізуші: Бәйтерек тобының жігіттерінің жаңа жылдық кешке арналған билерін қарсы алайық .

Жүргізуші :Қуанатын шақ болсын,

Достарымыз ақ болсын.

Бізге келген жаңа жыл,

Құт береке бақ болсын!

Құрметті қонақтар, балалар! 2026 - шы жаңа жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Көріп тамашалағандарыңа рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!!

Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

Бекітемін:
ЖШС-гі «Ақжайық бөбекжай-балабақшасы
Меңгерушісі м.у.а С.Бердимуратова

Ертеңгілік

Тақырыбы:«Ана – біздің гүліміз»

Тәрбиеші: Абдикаримова А
Нурполатова С

2025-2026 оқу жылы

Аяулы аналар!

Жүргізуші:
Сәлеметсіздерме қадірлі де құрметті қонақтар,аяулы аналар, асыл әжелер, қызғалдақ қыздар. Көңілдеріңізге көктем шуағындай, сезім мен нұр құйып **8-наурыз** халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Осынау көктем мерекесінің қай кезде де орны бөлек. Өйткені аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Себебі, ана өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Ендеше көктемнің алғашқы күндеріне арналған **«Балдырған», «Балдәурен»** ортаңғы тобы бүлдіршіндерінің дайындаған **«Ана — біздің гүліміз!»** атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Жүргізуші:
Армысың ақжаулықты әжелерім,
Ақылы дариядай кеменгерім.
Ардақты аналардың мейрамында,
Арнайды бүлдіршіндер өлеңдерін.
кезекті **«Балдырған» тобы** бүлдіршіндерінің ана туралы тақпағына берейік.

Айиша
Ақ сүт берген балаңа
Күш жігерін жұмсаған
Бұл өмірде жан ана
Тең келеді кім саған!

Теңдесі жоқ данасың
Арқа сүйер панасың
Еңбегіңді ақтаймын
Аман болшы анашым!

Мариям
Анаң болса қасында
Басқа бақыт не керек
Аналардың жүрегі
Мейрімді ғой, керемет.

Абдулазиз
Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым.
Менің саған тілегім
Қартаймашы анашым.

Жүргізуші:
Көктемнің нәзік самалындай сыңғырлаған күлкі, бала жүректің тап-таза лүпілі – бүгінгі кештің сәні. Сахна төріне балғын қиял мен шаттықты ала келген, жүздерінен күннің шуағы төгілген **«Балдәурен» тобының** бүлдіршіндері қадам басқалы тұр. Олардың сахна көрінісін ыстық ықылас, зор қошеметпен қарсы алайық!

Жүргізуші:
Армысың, Көктем ханшайымы —
Жер бетіне жылу болып тараған,
Қыс ызғарын қуалап,
Тіршілікке жан бітірген сұлу бейне!

Сен келгенде қар еріп,
Сай-сала сылдыр қағып ән салады.
Сен күлгенде күн шуағы төгіліп,
Бәйшешектер бой түзейді даладан.

Самалың — сипаған ана алақанындай мейірімді,
Жаңбырың — тазарған жүректің көз жасындай мөлдір.
Сен барда дүние жаңарып,
Әрбір жүрек үмітке толады.

Көктем ханшайымы,
Сен — жаңарудың нышанысың,
Сен — нәзіктіктің тұмарысың,
Сен — өмірдің өзіңдей әсем жырысың.

Төрлет, сұлу Көктем!
Гүліңді шаш, нұрыңды төк,
Бала күлкісімен араласып,
Жер анаға шаттық сыйла!

Көктем ханшайымы:

Армысыңдар, аяулы жандар, ардақты аналар, сүйкімді бүлдіршіндер!

Мен – Көктеммін.
Жер дүниеге жылу алып келетін,
Қар астынан гүл оятатын,
Жүректерге үміт сыйлайтын мезгілмін.

Мен келгенде табиғат түлейді,
Ақ қар еріп, бұлақтар сыңғырлайды.

Күн шуағын төгіп,
Әлемге мейірім нұрын шашамын.

Бүгін мен сендердің шаттықтарыңа ортақтасуға,
Аналарға тағзым етуге келдім.
Өйткені ана – тіршіліктің көктемі,
Әр отбасының шуағы.

Аяулы аналар!
Сіздердің мейірімдеріңізбен бұл дүние гүлденеді.
Сіздердің ақ жүректеріңізбен өмір көркейеді.

Балғын достарым!
Әрдайым аналарыңды құрметтеп,
Жылы сөз айтып, қуанта біліңдер.
Сонда жүректеріңде мәңгілік көктем орнайды.

Мен сендерге шаттық,
Денсаулық пен береке,
Көңілдеріңе нұр,
Жүздеріңе күлкі сыйлаймын!

Көктемдей құлпырып,
Гүлдей жайнап жүре беріңдер!

Жүргізуші:
Көктем — арман мен сұлулықтың мезгілі.
Бүгін біздің кішкентай аруларымыз қиял қанатына мініп, әлемнің ең көрікті қалаларының біріне сапар шегеді. Париж – махаббаттың мекені, өнердің бесігі, арман қала. Көше бойында әсем әуен қалықтап, би билеген арулардың сыңғыр күлкісі естіледі. Біздің **«Балдырған» тобының қыздары** да өз өнерлерімен сол бір ғажайып қаланың нәзік рухын сезіндіруге тырысады.
Олардың әр қадамы – әсемдік, әр бұрылысы – сұлулық, әр қимылы – көктемнің лебіндей нәзік. Ендеше, кішкентай ханшайымдарымыздың «Парижге саяхат» биін қарсы алыңыздар!

Жүргізуші:
Көктем – тіршіліктің тынысы, мейірімнің лебі.
Көктеммен бірге жүректерге жылу ұялайды.
Ал сол жылудың бастауы – Ана. Ортаға **«Балдәурен» тобының** сері **жігіттерінің** биін қарсы алайық.

Жүргізуші:
Ана – тіршіліктің тірегі, шаңырақтың шуағы, әрбір жүректің жылуы. Бүгінгі мереке – мейірім мен махаббаттың мейрамы. Сол себепті біздің кішкентай жігіттеріміз де асыл

аналарына деген құрметін ерекше түрде білдірмек. Әдетте олар ойын қуып, асыр салып жүретін балақайлар. Ал бүгін – олар нағыз азамат! Жүректерінде – алғыс, көздерінде – мақтаныш, қимылдарында – жігер. Сіздердің құрметтеріңізге **«Балдырған» тобының** жігіттері арнаған мерекелік флешмобты қабыл алыңыздар!

Жүргізуші:
Ортада **«Балдырған»** тобы қыздарының орыс әніне биі. Қарсы алайық!

Жүргізуші:
Ана... Бұл сөздің өзінде шексіз мейірім, таусылмас жылулық бар. Ана – әр шаңырақтың шуағы, отбасының жүрегі. Бүгін **«Балдырған» тобының** ұл-қыздары сіздерге ананың бір күндік өмірінен шағын ғана үзінді ұсынады. Бұл – ананың балаға деген махаббаты, қамқорлығы мен жан жылуы көрініс табатын әсерлі сәт. Ананың әр күні – бала үшін тірек, әр сәті – мейірімге толы. Ендеше, ана жүрегінің жылуын сездіретін **«Ананың бір күндік өмірінен үзінді»** атты көріністі қабыл алыңыздар.

Жүргізуші:
Көктемнің көркем күйіндей көңілді тербеген, шығыстың сырлы сазындай жүректі әлдилеген, әсем әуенмен сахна төріне нәзіктік пен наз алып **«Балдәурен»** тобының қыздары шыққалы тұр. Қошеметпен қарсы алыңыздар **«Балдәурен»** тобының қыздарының өзбек биі!

Жүргізуші: Ортада **«Балдырған» тобы** бүлдіршіндерінің ана туралы әнге трендін қабыл алыңыздар
Жүргізуші:
Әлемнің нұрын шашқандай,
Көктемнің гүлін ашқандай,
Ана деген аяулы есім
Жанымызды тербеткен ән қандай! Бүгін **«Балдәурен»** тобының балғын жүректері Анаға деген шексіз алғысын әнмен өрнектемек. Ортада хор!

Жүргізуші:
Ортада **«Балдырған» тобы** бүлдіршіндерінің ана туралы әнге трендін қабыл алыңыздар!

Жүргізуші:
Осымен бүгінгі «Аяулы аналар» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Құрметті аналар,әжелер,қызғалдақ қыздар мерекелеріңіз құтты болсын.
Сау саламатта болыңыздар!

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі « Ақжайық» бөбекжай - балабақшасы

Меңгерушісінің м.у.а _____ Бердимуратова С

“Күншуақ” тобы

Ертеңгілік

Тақырыбы«Аяулы анашым»

Тәрбиеші: Салимбай Г

2025-2026 оқу жылы

«Аяулы анашым!» атты

8- наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілік.

Аналарды сүйеміз!
Сөзін ойға түйеміз.
Әрқашан біз ардақтап,
Әжеге бас иеміз!
Сенен өскен балалар-
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті апа, аналар!

Жүргізуші:Қымбатты да ардақты, аяулы аналар мен құрметті көктемдегі құлпырған қыздар!
Гүл көктем, ару көктем, күн көктем!
Сіздерді көктемнің алғашқы айында еліміздің барлық жерінде тойланатын 8-наурыз әжелер, аналар, қыздар мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!
Сіздерге әлемнің нұрын,өмірдің гүлін,көктемнің шуағын тілейміз!Мына жарық дүниенің мәні де,сәні де сіздерсіздер! Балалардың сіздерге арналған **«Аяулы анашым» атты ертеңгілімізді қабыл алыңыздар.**

Жүргізуші:Балалар қалай ойлайсындар бүгін қандай мереке?
Балалар ең асыл жан кім?\Ана\
Қызығында,бұзығында көтеретін кім? \Ана\
Үнемі жанында періштедей қорғаштап,демеу беретін кім? \Ана\
Сонымен бүгін қандай мейрам? \Аналар\
Осындай үлкен мейрамында аналардың жүзіне кішкене болса да қуаныш сыйлағымыз келе ме? \ Иә \
Ендеше «***Гүлдер***» тобының өнерін тамашалайық **(«Ана»Хор)**

Жүргізуші:
Мың бұралған ақ қайындай
Бишелер шықсын ортаға.
Ал ендеше қол соғайық,
Қошеметпен қолқала.
«Күншуақ» тобының орындауында «**Мама**» биі.

Жүргізуші:

Осы бір «АНА» деген үш әріптің аясында адамзат баласын қуаныш сыйлар қаншалықты қасиет бар десеңші! Ару – ана, Ару – асыл жар, Ару – көңілдің гүлі, Ару – өмірдің жыры, тіпті айта берсең сөз жетпейді. Әйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді деген екен бір ғұлама. Қандай нақты айтылған ой десеңізші! Расында бар әйел қауымынсыз мына әлемді елестету мүмкін емес!

Би « Анашым» орындайтын «**Гүлдер**» тобының тәрбиеленушілері.

Жүргізуші:

Ана деген – өмірдің күншуағы!
Ана деген – жүректің тылсым әні.
Ана деген – өмірдің үміт гүлі,
Ана деген – аққөңіл, жыр шырағы!

«Мама»-орындайтын «Күншуақ» тобының тәрбиеленушілері

Жүргізуші:

Ана – өмірдің гүлі, әр адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, ақ сүтін беріп аялаған асыл жан. Ол – мейірімнің, төзімділіктің, махаббаттың шынайы бейнесі, жанұяның берекесі мен рухани тірегі. Ана – перзенті үшін жанұшыра шырылдайтын, түн ұйқысын төрт бөліп, бауырына басқан қорған. Аналарды құрметтейік. Олай болса Гүлдер тобының **«Ананың қадірі»** атты көрінісін тамашалайық.

Жүргізуші:

«Ана» десе селт етпей қалар жан бар ма екен? Бізге жарық дүние сыйлаған ана емес пе? Ана — әрбір адам баласы үшін ең ыстық, жанға жақын, мағыналы да қастерлі сөз. Біз үшін түн ұйқысын төрт бөліп, ағаш бесікке асылып бал бөбегінің тәтті ұйқысын тамашалап отырып, таңның да атқанын сезбеген шығар. Алдыңа қойған мақсатыңа жетуің үшін ана жанын қиюға да дайын.

Би «Стирка» Күншуақ

Жүргізуші:

Ана – өмір қолдаушысы әлемнің
Шаңырақтың шаттығы мен шуағы
Сейілмесін жанарынан ананың
Тіршілікке төккен нұрлы шуағы

Аялайық аналарды әрдайым
Қуанышқа бөлейікші өздерін
Әжелердің, аналардың, қыздардың
Мұң шалмасын күлім қаққан көздерін.
«Гүлдер» тобы би «Қызыл раушан»

Жүргізуші:
Ана керек бұл өмірде адамға,
Мейірім берген әрқашанда балаға.
Ана есімін ардақтайық ағайын,
Біз үшін ол айналған ғой панаға.
Төрде болсын алған орны әрқашанда ананың,
Мәңгі қалсын әрқашанда жүрегінде баланың.
Тілеушіңде, тіреушіңде бұл өмірде ол сенің,
Ана есімі сақталады мәңгі есімде менің.
Алдарыңызда көрініс «Күншуақ» тобы

Жүргізуші:Тамаша,міне көрдіңіздерме біздің балалар өнерлі әнші, және өсіп жатқан артистер!
Күндеріңіз толсын гүлге, желекке
Отбасында болсын ырыс-береке
Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді
Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі « Ақжайық» бөбекжай - балабақшасы

Меңгерушісінің м.у.а. Бердимуратова С

“Гүлдер” тобы

Ертеңгілік

Тақырыбы«Аяулы анашым»

Тәрбиеші: Темірхан Б

2025-2026 оқу жылы

«Аяулы анашым!» атты

8- наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілік.

Аналарды сүйеміз!
Сөзін ойға түйеміз.
Әрқашан біз ардақтап,
Әжеге бас иеміз!
Сенен өскен балалар-
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті апа, аналар!

Жүргізуші:Қымбатты да ардақты, аяулы аналар мен құрметті көктемдегі құлпырған қыздар!
Гүл көктем, ару көктем, күн көктем!
Сіздерді көктемнің алғашқы айында еліміздің барлық жерінде тойланатын 8-наурыз әжелер, аналар, қыздар мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!
Сіздерге әлемнің нұрын,өмірдің гүлін,көктемнің шуағын тілейміз!Мына жарық дүниенің мәні де,сәні де сіздерсіздер! Балалардың сіздерге арналған **«Аяулы анашым» атты ертеңгілімізді қабыл алыңыздар.**

Жүргізуші:Балалар қалай ойлайсындар бүгін қандай мереке?
Балалар ең асыл жан кім?\Ана\
Қызығында,бұзығында көтеретін кім? \Ана\
Үнемі жанында періштедей қорғаштап,демеу беретін кім? \Ана\
Сонымен бүгін қандай мейрам? \Аналар\
Осындай үлкен мейрамында аналардың жүзіне кішкене болса да қуаныш сыйлағымыз келе ме? \ Иә \
Ендеше «***Гүлдер***» тобының өнерін тамашалайық **(«Ана»Хор)**

Жүргізуші:
Мың бұралған ақ қайындай
Бишелер шықсын ортаға.
Ал ендеше қол соғайық,
Қошеметпен қолқала.
«Күншуақ» тобының орындауында «**Мама**» биі.

Жүргізуші:

Осы бір «АНА» деген үш әріптің аясында адамзат баласын қуаныш сыйлар қаншалықты қасиет бар десеңші! Ару – ана, Ару – асыл жар, Ару – көңілдің гүлі, Ару – өмірдің жыры, тіпті айта берсең сөз жетпейді. Әйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді деген екен бір ғұлама. Қандай нақты айтылған ой десеңізші! Расында бар әйел қауымынсыз мына әлемді елестету мүмкін емес!
Би « Анашым» орындайтын «**Гүлдер**» тобының тәрбиеленушілері.

Жүргізуші:
Ана деген – өмірдің күншуағы!
Ана деген – жүректің тылсым әні.
Ана деген – өмірдің үміт гүлі,
Ана деген – аққөңіл, жыр шырағы!
«Мама»-орындайтын «Күншуақ» тобының тәрбиеленушілері

Жүргізуші:
Ана – өмірдің гүлі, әр адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, ақ сүтін беріп аялаған асыл жан. Ол – мейірімнің, төзімділіктің, махаббаттың шынайы бейнесі, жанұяның берекесі мен рухани тірегі. Ана – перзенті үшін жанұшыра шырылдайтын, түн ұйқысын төрт бөліп, бауырына басқан қорған. Аналарды құрметтейік. Олай болса Гүлдер тобының **«Ананың қадірі»** атты көрінісін тамашалайық.

Жүргізуші:
«Ана» десе селт етпей қалар жан бар ма екен? Бізге жарық дүние сыйлаған ана емес пе? Ана — әрбір адам баласы үшін ең ыстық, жанға жақын, мағыналы да қастерлі сөз. Біз үшін түн ұйқысын төрт бөліп, ағаш бесікке асылып бал бөбегінің тәтті ұйқысын тамашалап отырып, таңның да атқанын сезбеген шығар. Алдыңа қойған мақсатыңа жетуің үшін ана жанын қиюға да дайын.
Би «Стирка» Күншуақ

Жүргізуші:
Ана – өмір қолдаушысы әлемнің
Шаңырақтың шаттығы мен шуағы
Сейілмесін жанарынан ананың
Тіршілікке төккен нұрлы шуағы

Аялайық аналарды әрдайым
Қуанышқа бөлейікші өздерін
Әжелердің, аналардың, қыздардың
Мұң шалмасын күлім қаққан көздерін.
«Гүлдер» тобы би «Қызыл раушан»

Жүргізуші:
Ана керек бұл өмірде адамға,
Мейірім берген әрқашанда балаға.
Ана есімін ардақтайық ағайын,
Біз үшін ол айналған ғой панаға.
Төрде болсын алған орны әрқашанда ананың,
Мәңгі қалсын әрқашанда жүрегінде баланың.
Тілеушіңде, тіреушіңде бұл өмірде ол сенің,
Ана есімі сақталады мәңгі есімде менің.
Алдарыңызда көрініс «Күншуақ» тобы

Жүргізуші:Тамаша,міне көрдіңіздерме біздің балалар өнерлі әнші, және өсіп жатқан артистер!
Күндеріңіз толсын гүлге, желекке
Отбасында болсын ырыс-береке
Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді
Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі « Ақжайық» бөбекжай - балабақшасы

Меңгерушісінің м.у.а Бердимуратова С

“8 наурыз-аналар күні”

«Бәйтерек» тобы

Тәрбиеші: Абдраманова Х

2025-2026 оқу жылы

«8 наурыз – аналар күні»

Мақсаты: 8 наурыз мерекеге байланысты көңіл күйді сезінуге үйрету; балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту, анаға, әжеге сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Репертур: 1) Әндер: «Анашым», «Мама».

2) Билер: "16 қыз", "заманауи флешмоб" , "Күлпәш биі" " қыздар биі" .

3) Ойындар: "Жігіттеріміз аналарымызды вальске шақыру" және "Анамызды қолынан ұстап тану".

Жүргізуші: Қымбатты аналар, әжелер, құрметті қонақтар! Бүгін біз

«8 - Наурыз» аналар мерекесін тойлауға жиналып отырмыз.

Құтты болсын осы шаттық күніңіз,

Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз.

Қуанышты жүзіңізбен әрдайым,

Бұл өмірде күліп қана жүріңіз!

-Біздің бүлдіршіндер бүгін сіздерге «Көктем мерекесін» дайындады. Қанеки, қошеметпен ортаға шақырып, қарсы алайық "Аққөгершін және Бәйтерек" тобы

Музыка ырғағымен балалар кезекпен залға билеп кіреді,

орындарына отырады.

Жүргізуші : Мерекелік сөз кезегін балабақша меңгерушісі Б. Сансызбаев ағайымызға берсек .

Олай болса бүгінгі кешімізді ашық деп жариялаймыз .

Жүргізуші:Балалар қалай ойлайсындар бүгін қандай мереке? (8-ші наурыз)

Балалар ең асыл жан кім?\Ана\

Қызығында,бұзығында көтеретін кім? \Ана\

Үнемі жанында періштедей қорғаштап,демеу беретін кім? \Ана\

Сонымен бүгін қандай мейрам? \Аналар\

Осындай үлкен мейрамында аналардың жүзіне кішкене болса да қуаныш сыйлағымыз келе ме? \ Иә \

Би билеп, ән айтады

Тойларында балалар.

Бағалаймыз енбегін

Аман болсын аналар!

Сахна төріне Аққөгершін тобы орындауында “Анашым” хорын қабыл алыңыздар .

Әннің аяғында, балалар: Мереке құтты болсын!

Көңілді музыка ырғағымен балалар орындарына отырады.

Жүргізуші:Жарайсыңдар, балалар! Олай болса ертеңгілігімізді әрі қарай жалғастырайық .

Сендерге сонау алыстан қонақ келіп отыр.

Аналарымыздың көңілдерін көтеріп , балаларымыздың қуанышын әрі қарай арттыру үшін сахна төріне алыс сапардын келген қонағымыз “Көктем аруын” сахна төріне шақырсақ .

Көктем аруы:

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Мен – Көктем аруымын.

Жер бетіне жылу, шуақ, гүл мен қуаныш алып келдім.

Жүргізуші: Келіңіз Көктем аруы сахна төріне жайғасыңыз, сіздің келгеніңізге бізде қуаныштымыз.

Көктем аруы: Жағдайларың жақсыма ? Қыс мезгілінен аман есен шығып , көктем мезгіліне аяқ басуларыңмен құттықтаймын .

Аналардың , асыл әжелер, қыздарымыздың мерекесі құтты болсын .

Жүргізуші: Рахмет Көктем аруы, сеніңде мерекеңмен құттықтаймыз . Төрлет, балапандардың дайындығын тамашалада, бір көңіліңді көтер .

Жүргізуші:

Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым.

Арналады сіздерге.

Бар баланың тақпағы.-дей отыра сіздерге арналған тақпақтарды қабыл алыңыздар!

Аққөгершін тобының сері жігіттері аналар мерекесіне арналған тақпақтарымен сахна төріне шақырамыз .

Аққөгершін тобының тақпақтары

Жүргізуші:

Ақ қар еріп

Су көбейіп!

Сай салаға толады.

Ағаш басы бүршік атып,

Гүл бәйшешек басады.

Бәйтерек тобының мың бұрала сұлу қыздарын мерекеге арналған билерімен сахна төріне шақырсақ .

Бәйтерек тобы "қыздар " биі

Көктем аруы : Жарайсыңдар, балалар !

Қандай өнерлі едіңдер .

Менде құрқол келген жоқпын.

Аналардың мерекесі болғандықтан ойындар ұйымдастырып келдім .

Жүргізуші: Көктем аруы ол қандай ойын екен?

Біздің бүлдіршіндергеде қызық болып тұр .

Көктем аруы: Ойын ережесі қиын емес . Біздің балапандарымыз , сері жігіттеріміз аналарын вальске шақырса аналарымызда бір қуанып қалар еді.

Ойын :

Балалар өз аналарын сахна төріне шақырып , бірге вальс билейді.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар аналарымыз бір қуанып қалды .

Олай болса әрі қарай көңілдерін көтеріп өз өнерлерімізді көрсетейік .

Бәйтерек тобы " Мама" хор

Жүргізуші: Жақсы балалар!Ал біз мерекемізді әрі қарай жалғастырайық. Балалар, тыңдаңдар – бұл кім туралы тақпақ?

Таусылмайды өлеңі,

Күнде айтып береді.

Барған сайын бір жаққа,

Кәмпит алып келеді.

Балалар: Әже!

Жүргізуші: Олай болса әжелеріміздіңде көңілін көтерейік .

Би әрі сахна қойылымы Күлпәш биімен Аққөгершін тобын сахна төріне шақырсақ , қошеметтеріңіз.

Аққөгершін тобы " Күлпәш" биі

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар, бүгін аналардың, әжелердің, қыздарымыздың мерекесі. Ал ендеше құрметті қонақтар, ардақты әжелер, асыл аналар, қызғалдақ қыздар мерекелеріңіз құтты болсын!

Балалармен бірге: Құттықтаймыз!!!

Анам менің сүйіктім

Тек өзіңе табынам.

Қасымда жүрсең биікпін,

Алыстасаң сағынам.

Анаң болса қасында

Басқа бақыт не керек

Аналардың жүрегі

Мейірімді ғой керемет.

Жүргізуші: Аналарымызға арнап ән айттық . Әжелерге арнап би биледік . Сұлу қыздардыңда мерекесі екенін ұмытпайық . Аққөгершін және Бәйтерек тобы қыздарын мерекелерімен құттықтаймыз .

Олай болса Сахна төрінде Бәйтерек тобы "16" қыз атты биімен қошеметтеріңіз.

Бәйтерек тобы би "16" қыз

Көктем аруы : Жарайсыңдар балалар неткен дайындық , неткен керемет ертеңгілік .

Шақырғандарыңа алғысым шексіз .

Менде мерекелеріңе өз үлесімді қосайын .

Сендерге және аналарымызға арналған кішігірім ойынымыз бар .

Ойын:

"Анашымның қолын ұстап танимын " деген

Аналарымызды сахна төріне шақырсақ .

Алдына өз балаларын көздерін байлап тұрғызып , аналарының қолын ұстап өз анасын табуы керек .

Жүргізуші : Жарайсыңдар, балалар!. Сағанда рахмет көктем аруы бір көңілімізді көтеріп қойдың .

Көктем аруы : Ертеңгілікке арнайы шақырғандарың үшін алғысым шексіз . Менің әлі көп жерлерге баруым керек . Құрметті аналар , әжелер, сұлу қыздар мерекелеріңмен құттықтаймын . Қош сау болыңыздар!

Жүргізуші : Ал біз ертеңгілікті әрі қарай жалғастырайық. Балабақшамыздың мың бұрала сұлу қыздары өз билерімен әр қашан тәнті етуде. Сахна төріне Аққөгершін тобы қыздарын шақырсақ, қошеметтеріңіз.

Аққөгершін тобы би "Қыздар биі"

Жүргізуші: Бәрекелді балалар!

Бүгінгі мерекеміз тобымыздың кішкентай аруларымыздыңда мерекесі. Соған орай топ жігіттерінің қыздарымызға арнаған сыйлықтары бар екен. Соны тапсыруға рұқсат етіңіздер!

Сыйлықтарды табыс етеді.

Құттықтау сөздер айтылады.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, жігіттер! Қыздар балдарымыз тек сыйлық қана дайындап келген жоқ . Сендерге арналған билеріде бар екен .

Олай болса сахна төрінде Аққөгершін және Бәйтерек тобының сері жігіттері дайындап келген билерімен, қошеметтеріңіз

Аққөгершін және Бәйтерек тобы жігіттері бии .

Би соңында қолдарындағы гүлшоқтарын аналарына табыстап , құттықтау сөз айтады .

Жүргізуші: Ана біздің күніміз ,

Ана біздің гүліміз.

Балаларды қуантып ,

Ұзақ өмір сүріңіз.

Қымбаттыда аяулы аналар мен әжелер!

Мерекелеріңіз құтты болсын !

Әлемдегі ең сұлу , ең мейірімді,ең қамқор адам осы отырған сіздерсіздер.Дендеріңіз сау көңілдеріңіз шат болсын.

Бүгінгі ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті . Әрқашан осылай күліп жүріңіздер . Келесі кездескенше қош сау болыңыздар !

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі « Ақжайық» бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісінің м.у.а _____ Бердимуратова С

«Құтты болсын, әз наурыз»

Тәрбиеші:Азимова М

2025-2026 оқу жылы

«Құтты болсын, әз наурыз»

Жүргізуші: Армысыздар құрметті ақ жаулықты әжелер, бүлдіршіндер! Бәріміз асыға күткен Наурыз тойымызды тойлайық. Бұл күн-біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Сондай-ақ көктем мерекесі. Келген жыл басы Наурыз құтты болсын! Ұлыстың ұлы күнінде тілеген тілектеріңіз қабыл болып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз!

Уа, ағайын халайық,
Мұнда назар салайық!
Мерекесі халықтын
Наурыз тойы бастайық!

Жүргізуші: Ендеше мереке құтты болсын ! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын . Ұлыс күніне арналған «Қош келдің әз наурыз» ертеңгілігімізді бастаймыз!

Наурыз келді алақай,
Кел билейік балақай,
Бізде қарап тұрмайық,
Тойға шашу шашайық! **шашу шашады ,ән қосылады .**

Жүргізуші: Қош келдің жаңа жылымыз (шапалақтайды)

Жүргізуші: Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.
Халқы сүйген мейрамды
Қарсы алайық Наурызды! (Наурыз қыз музыкамен ортаға келеді)

Наурыз қыз: Мен Наурыз- қызбын
Қыздарым да қасымда
Ұлыс күнге жеттік міне, асыға
Келген жылым жақсылыққа басташы
Қуанышпен әр үйдің
Босағасын атташы

Наурыз қыз: Мен құр келген жоқпын. Қасымдағы қыздарым сіздерге би дайындап әкелді .Қабыл алыңыздар!

Би : Қамажай

Жүргізуші : Наурыз қыз көп рахмет саған ,өте тамаша билеп берді қыздарың !Төрлетіңдер, дастархан басына жайғасыңдар, ертеңгілігіміз тамашаландар!

Жүргізуші : Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.
Тақпақтар

Ендеше «Наурыз» әнін шырқайық

Жүргізуші : АСЫҚ БИІМЕН ОРТА ТОП БҮЛДІРШІНДЕРІН ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

Жүргізуші : Ой балалар, жарайсыңдар, бәрекелді!
Әндетіп Алдар келеді (Мен Алдармын, Алдармын)
Ән айтып жатқан балалардың даусын естіп келдім. Бұл жерде мереке болып жатыр ма?
Жүргізуші : Иә, Алдар көңіл - күйің жақсы екен, амансың ба?

Алдар: Амансыздар ма! Наурыз мейрамы құтты болсын.
Иә, сараң байды алдап, мінекей Наурыз мейрамына жаңа шапан киіп көңілді келемін. (көрсетіп қояды шапанын)
Жүргізуші : Ендеше ұлыстың ұлы күнін бізбен бірге қарсы ал, Наурыз мейрамы құтты болсын!
Алдар: Рахмет! Мен сендерге құр қол келген жоқпын. Ұлттық ойындардың бірі асық ату ойынын, ойнауға бір дорба асықтар ала келдім.
Ойын: (Асық ойыны)
Жүргізуші: Рахмет саған Алдар. Ойының балаларға өте ұнады, кел дастархан басына төрлет.
Алдар: Рахмет (дастархан басына отырады)
Жүргізуші : Наурыз тойын бастаймыз
Бимен оны қостаймыз
БИ: «Текемет би»
Жүргізуші: Ал, құрметті халайық, шашбау тағу рәсіміне кезек берейік.
Әдемілеп немересіне наурыз мерекесіне әдемі болуы үшін ұлттық әшекейлерін шашбау және шекелекті тағып береді .

Жүргізуші: Мерекемізді әрі қарай жалғастыру үшін **ортаға Балдаурен тобының қыздарын домбыра биімен** шақырамыз:

БИ: «Ұлдар» (Аққөгершін)

Жүргізуші: Балалар, «Қаз-қаз балам, қаз балам,
Қадам бассаң мәз болам» деп қазақтың кандай салт-дәстірінде айтылады ?

Жүргізуші: Біздің халқымыз осындай тамаша, тәрбиелік мәні зор салт дәстүрге бай халық. Ал біз кезекті салт дәстүріміз тұсау кесу рәсіміне берейік. Балапанымыздың түсауын кесуге балабақшамыздың құрылтайшысы Сәкен Әкімханұлын ортаға шақырайық

Жүргізуші: Балалар ұлттық аспаптарды есімізге түсірейік .

Оркестор Әні

Жүргізуші: Балапандарымыздың дайындаған өнерлерін тамашалайық

Жүргізуші: Жарайсыңдар керемет ойнап шықтыңдар. Әрі қарай жалғастырамыз мерекемізді.
Жүргізуші: Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады. Ендеше, ақ кимешекті ақ әжеміз наурыз көже әкеле жатыр. Қош келдіңіз! (музыка)
ӘЖЕ: (Қолында тостаған, наурыз көже)
- Амансыздар ма, құрметті қонақтар, балалар, көктемнің тамаша мерекесі, Ұлыстың ұлы күні, Наурыз құтты болсын, әр шаңыраққа береке, бірлік, мәртебе әкелсін. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Қайда барса жол болсын!
- Балалар, менің қолымдағы не? Онда не бар деп ойлайсыңдар?
- Дұрыс айтасыңдар. Бұл Наурыз көже. Наурыз мерекесін наурыз көжесіз елестету мүмкін емес. Сендерге сұрақ
- Наурыз көжені неше түрлі тағам қосып дайындайды?
- 7 түрлі
- Қане атап беріңдерші?
- Сүр ет, сүзбе, бидай, құрт, тары, май, тұз
- Дұрыс айтасыңдар. Наурыз көже ең дәмді, әрі тойымды, құнарлы тағамдардың бірі. Ерте кезде үлкен тайқазанға пісірген. Наурыз көже қаншама халықты аштықтан аман алып қалған.
- Ал, қонақтар жыл бойы тоқшылық болсын, дастарханымыз кең жайылсын деген ақ тілекпен наурыз

көжеден дәм татыңыздар.
(ата – аналар алдына үстел қою, Наурыз көже құятын тостағандар қойып, құйып береді)
Жүргізуші: Мына наурыз мерекесіне бір әдемі киіз басу биін тамашалайық

ӘЖЕ: Ой, рақмет, балалар! Өркендерің өссін, көп жасаңдар. Қандай тамаша өнер болды

ӘЖЕ: РАҚМЕТ! Сау болыңдар! Наурыз құтты болсын! (шығып кетеді)

Жүргізуші: Ортаға гүлдер тобының кеселер сылдыры қыздар биімен шақырайық

Жүргізуші: Ортада балдаурен тобының ұлдар биін тамашалаңыздар

Жүргізуші:

Наурыз тойы салтымыз
Аман болсын халқымыз дей келе бүлдіншердің дайындаған көрінісін қабыл алайық

Жүргізуші: Ат үстінде ойнаған биші жігіттерімізді қарсы алыйық Бәйге ұлдар биі

Жүргізуші: Мың бұралған қыздарымызды зор қошеметпен күтіп алайық Қыздар қазакша би

Жүргізуші: Жігіттер күштеріңізді сынап көрейікші Көтермек ойыны 2 ересек топ жарыс

Жүргізуші: Ересек топтың өнерпаздарын тамашалайық Ұлдар би

Жүргізуші: Орта топтың хас сұлуларын сахна төріне шақырсақ

Жүргізуші: Наурыз шаттық әніміз

Салтанатты сәніміз

Ән салып жас- кәріміз

Ән салайық бәріміз ХОР АҚКӨГЕРШІН

Жүргізуші: ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАР ЕНДІ СІЗДЕРДІ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ОЙНАУҒА ШАҚЫРАМЫЗ ОРТАДА АРҚАН ТАРТЫС ОЙЫНЫ 2 МАД ТОБЫ

Жүргізуші: Келіңдер Наурыз тойға бәрің бүгін

Аямай өнерпаздар ән мен жырын

Тойлайық халық тойын Наурызымның

Шуағын жерге төккен бақыт күнін дей келе орта топтың қыздарын қарсы алайық МАҚТА ТҰТУ БИ

Жүргізуші: Бүгін біз Наурызды қарсы алып

Қуанышпен қауыштық

Ойын, күлкі, ән мен жыр

Шаттық сыйласын баршаға! Ортада шабандоз жігіттерімізді шақырайық ШАБАНДОЗ БИ

Жүргізуші: Қазағымның салт дәстүрлерін дәріптеп ҚАМШЫ АЛУ ОЙЫНЫН ТАМАШАЛАҢЫЗДАР

Жүргізуші: СҰЛУДА СЫМБАТТЫ ҚЫЗДАРАМЫЗДЫҢ БИЛЕРІН ТАМАШАЛЫҢЫЗДАР ҚЫЗДАР БИІ

Жүргізуші: ЕР АТАҒЫН ЕЛ САҚТАР ДЕМЕКШІ БАТЫРЛАРЫМЫЗДЫҢ ҚОЛДАРЫН КҮРЕСТІРІП САЙЫСҚА ТҮСІРЕЙІК ҚОЛКҮРЕС ОЙЫНЫ 2 ЕРЕСЕК ТОП ЖАРЫСАДЫ

Жүргізуші: Мың бұралған бишілерге назар салайық ҚАРА ЖОРҒА АҚ КӨГЕРШІН

Жүргізуші: ЕРЕСЕК ТОПТЫҢ ӨНЕРПАЗДАРЫН ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ АРҒЫМАҚ БИІ ҰЛДАР БИ

Жүргізуші: АЙШЫҚ МҮЙІЗ АҚ СЕРКЕ ҚОЙДЫ БАСТАР

ҚЫПША БЕЛДІ ЖІГІТТЕР ТОПТЫ БАСТАР

ДЕМЕКШІ ТОП ЖАРҒАН ЖІГІТТЕРІМІЗДІ СЕРКЕ КӨТЕРУГЕ ШАҚЫРАМЫЗ

2 МАД ТОБЫ

Жүргізуші: Ұлыс күні қазан толса

Ол жылы ақ мол болар

Ұлы кісіден бата алса

Сонда олжалы жол болар

БАЛАБАҚШАМЫЗ КҰРЫЛТАЙШЫСЫ СӘКЕН ӘКІМХАНҰЛЫН ШАҚЫРАЙЫҚ

БАЛАБАҚШАМЫЗ ДИРЕКТОРЫ МӨЛДІР НҰРЛАНҚЫЗЫН ШАҚЫРАЙЫҚ

БАЛАБАҚШАМЫЗ МЕҢГЕРУШІСІ САНСЫЗБАЕВ БАТЫРХАН АҒАЙЫМЫЗДЫ ШАҚЫРАЙЫҚ

Жүргізуші:

Тамашаға толтырып тұнық төрді,

Жетті, Наурыз, үкілеп үміттерді,

Барша үйге бақыт боп, береке боп.

Жанарынан нұр шашып күліп келді дей келе құрметті қонақтар, ақ жаулықты әжелер, балалар Наурыз мерекесі құтты болсын Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын. Ұлы мереке сіздерге тек жақсылық әкелсін осымен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз өз мәрісіне жетті . Келесі Наурыз тойында кездескенше қош сау болыңыздар!

Бекітемін

ЖШС-гі "Ақжайық" бөбекжай-балабақшасы

Меңгерушісі Б.Сансызбаев

Береке – бірлікте, ырыс-ынтымакта

Тәрбиеші: Абдраманова Х

2026ж

Тақырыбы: Береке – бірлікте, ырыс – ынтымақта

Мақсаты: Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.

(Ән ұран орындалады.)

Жүргізуші:

Бірлік пен ынтымағы халықтың -

Көгімізде жарасқан жарық күн!

Ырыс, дәулет бақыты үшін халықтың,

Жайнай берсін, жайнай берсін алтын күн!

- дей келе Қазақстан халқының бірлігіне арналған «Береке-бірлікте, ырыс-ынтымақта» атты мерекемізді тамашалауға шақырамыз.

Жүргізуші:

Бұл мереке бұрын бүкіл әлемдік «Еңбекшілер күні» болып тойланды.

Қазір ол «Дүниежүзілік ынтымақтастық күні» болып есептеледі.

Жүргізуші: Тілі басқа тілегі бір біргеміз,

Өздеріңмен жүздесеміз күнде біз.

Мақсат ортақ, бейбітшілік ұран боп

Татулықтан бұзылмасын іргеміз.

Дей отырып “Береке -бірлікте, ырыс- ынтымақта” атты ертеңгілігімізді ашық деп жариялаймыз

Құрметті қонақтар , әріптестер сіздерге арнап әр ұлт өкілдерінің билерін , әндерін дайындап келген бүлдіршіндеріміздің өнерлерін тамашалайық.

Балапан тобы арнайы биімен сахна төріне шақырсақ “ Танец пчелки” .

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар .

Балалар бізге әр ұлт өкілдері қонаққа келді. Олар ортаға өнерлерін көрсетпекші.

Балдырған тобы орыс ұлтының биімен сахна төріне шақырсақ .

Жүргізуші : Бейбітшлік ұраны,

Жарқыраған алтын күн.

Ән қанатты қыраны

Еркіндігі халқымның.

Балалар біз көп ұлт өкілдерімен доспыз. Әрқашан сыйластығымыз, татулығымыз, ынтымағымыз бузылмаған елміз.

Сахна төрінде Гүлдер тобының бүлдіршіндері "Достық " әнін тарту етпек

Жүргізуші: Кең-байтақ жеріміз,

Татулық тұрағы.

Бауырмал еліміз,

Ынтымақ ұраны.

Біздің Республикамызда 100-ден аса ұлт өкілдері тұрады. Қазақстандағы барлық ұлттар бір-бірімен дос, тату-тәтті өмір сүреді.

Ойлай болса Балдәурен тобының биші қыздары корея ұлтының биімен бізді тәнті етпек .

Сахна төрінде Балдәурен тобы корея ұлтының биімен қабыл алыңыздар .

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар өнерлерің өрлей берсін .

Әр ұлтқа қонақжайлылығымызды көрсеткен елміз.

Ынтымағымен биік белестерді бағындырған елміз .

Әр ұлтпен өз бауырындай сыйласқан елміз.

Ән-жыр десе көмейі бүлкілдеген,

Ақ маржандай көңілі үлпілдеген,

Өзбек менің өз ағам – дейді қазақ

Дастарханнан дәм-тұзы бөлінбеген

Олай болса сахна төріне өзбек ұлтын өз өнерімен шақырсақ .

Сахна төрінде Күншуақ тобының сері жігіттерін өзбек ұлтының биімен қабыл алыңыздар.

Жүргізуші : Жаңғыртып даланы ,

Шырқап ән салады.

Халықтар достығы ,

Бірліктің қамалы.

Сахна төрінде Бәйтерек төбының бүлдіршіндері ынтымағы жарасқан еліміз , бірлігіміз үшін өлең шумақтарын дайындаған екен .

Олай болса қабыл алыңыздар

Еркеназ

Жаңғыртып даланы ,

Шырқап ән салады.

Халықтар достығы –

Бірліктің қамалы.

Мурод

Қызыққан шартарап,

Береке – тірлігі.

Құрған сән-салтанат,

Жарасқан бірлігі.

Даулет

Кең-байтақ жеріміз,

Татулық тұрағы.

Бауырмал еліміз,

Ынтымақ ұраны.

Нұрбақ

Достық деді -шырағымыз ,

Достық деді - ұранымыз.

Достық деді- туымыз,

Достық деді- әніміз.

Фатима

Татулықпен күн өтсін ,

Араздыққа кім өтсін ?

Бірлік болса- бәрі бар ,

Ынтымаққа жүр өтсін!

Жүргізуші: Жарайсыңдар , балалар орнымызға жайғасып , әдемі ән тыңдайық

Сахна төріне " Ағайынбыз бәріміз " атты әдемі әнімен Аққөгершін тобын шақырсақ , қабыл алыңыздар .

Жүргізуші : Ал , балалар билеп бір серігіп алайық . Балдәурен тобының бүлдіршіндері бізге арнап арнайы флешмоб дайындап келіпті . Көрейікте билейік , ойнайықта күлейік .

Сахна төрінде Балдәурен тобы " Флешмоб " қабыл алыңыздар .

Жүргізуші: Балалар алыстан бізге қонақ келіпті . Франция ұлты "Париж " биімен бізді тәнті етпекші . Олай болса сахнамыздын төріне шақырайық .

Сахнада Гүлдер тобының бүлдіршіндері " Париж " биімен қарсы алыңыздар .

Жүргізуші : Ортақ мекен жер шары,

Төбемізде бір аспан.

Барлық ұлттың баласы,

Достығымыз жарасқан

Орыс ұлтыда өз өнерлерін көрсетуге сонау алыстан келіп отыр достар

Олай болса орыс ұлтыныңда биін тамашалайық .

Сахна төрінде Балдырған тобының бүлдіршіндері орыс ұлтының биімен қабыл алыңыздар .

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар . Біз әр ұлттың биі мен киіну үлгісін , ұлттық киімдерін көрдік . Бізге арнап бірлігімізді бейнелеп өнерлерімен көрсетіп , ұғындырып отыр .

Бірліктің нағыз ұраны болған "Достық" биін қабыл алыңыздар .

Сахна төрінде Аққөгершін тобы “ Достық” биі .

Жүргізуші: Жарайсыңдар , балалар

Сахна төрінде Бәйтерек тобы “ Бірлігіміз жарасқан “ атты әнін қабыл алыңыздар

Жүргізуші : Бүгінгі мерекелеріңізбен құттықтаймын . Еліміз ар қашан тыныш болсын . Бейбіт аспан астында достығымыз нығайып, еліміз өркендей берсін.

Олай болса балалар азарбайжан ұлтының бізге дайындаған өнері бар екен қарсы алайық .

Сахна төріне Гүлдер тобын азарбайжан ұлтының биімен шақырсақ .

Жүргізуші : Жарайсыңдар , балалар . Өзбек ұлтының дайындаған сый-сыяпатын қабыл алыңыздар

Сахна төрінде Күншуақ тобының әдемі қыздары өзбек ұлтының “Олма пишганда галинг “ атты биін қабыл алыңыздар .

Жүргізуші: Достар біз көп ұлт өкілдерімен доспыз . Солардык ішінде испания ұлтының өкілдері келіп өтыр екен . Өз өнерлерімен бөлеспек .

Сахна төрінде Бәйтерек тобының сұлу қыздары Испан ұлтының биімен қабыл алыңыздар .

Жүргізуші: Қазақстанымыздың қуаттылығы мен басымызға қонған бақытымыз бірлігіміздің татулығын арттыра берсін, бейбітшілік мәңгі ажырамас серігім болсын!

Осымен бүгінгі іс шарамыз өз мәресіне жетті . Қымбат уақыттарыңызді бөліп тамашалағандарыңыз үшін алғысымыз шексіз . Келісі кездескенше қош сау болыңыздар !

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі « Ақжайық» бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісі Б.Сансызбаев

“Ұлы жеңіс-жасасын!”

«Бәйтерек» тобы
Тәрбиеші:Абдраманова Х

2025-2026 оқу жылы

«Ұлы жеңіс - жасасын!»

«Әнұран»

Тарих кеші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескермейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бәрі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес.

Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941жылы маусымның 22 - де болған еді. Бірақ сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9 - мамырда Ұлы Жеңіспен аяқталды.

Балапан тобы Алға Қазақстан биі

Жүргізуші: Соғыстың алғашқы күндерінен бастап - ақ Кеңес халқы жан тәнімен Отанын қорғады. Әрбір ауыл, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Қанішер неміс басқыншыларымен Кеңес азаматтары аянбай шайқасты.

Жүргізуші: Батырлар туралы тақпақтарды кім біледі…

Жүргізуші:

Арылтып жаудан жерінді

Табанға жаншып өлімді

Жеңіспен желпіп өмірді

Оралды ерлер көңілді

Десеңдер бұл қай күні

Тоғызыншы мамыр күні!

Ұлы Отан соғысына қатысқан: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов т. б

Ол кісілерге құрметпен бас иеміз. Ал осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас иіп, еске алайық. 1 минут еске алу. (әуен ойнайды. Балдәурен тобы бүлдіршіндері гүл шоқтарымен сахнада) .

Жүргізуші:

Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын корғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақтың өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап калды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге жеттік. Біздің өз калауымызбен еркін өмір сүріп, балабақшада алаңсыз білім алып жатканымыз, шаттана күлгеніміз, жайраңдап күлгеніміз - бәрі де сол Ұлы Отан соғысы Жеңісінің жемісі. Әрине, соғыс болмасын! Біздер соғысқа катысып батыр болмайық. Біз бейбіт күннің батырлары болуға тырысайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім алып, өз жеріміздің патриоттары болуға мүмкіндіктер бар.

Тәрбиеші: Балалар, біздің шекараны кім қорғайды? (солдаттар)

"Қазақстан сарбаздары" би Балдырған тобы.

Жүргізуші:

Азаттықтың көк туы ,

Желбіресін көгімде .

Бар жақсылық орналсын ,

Егемендік елімде .

Дей отырып , туымызды көкке көтеріп Аққөгершін тобының бүлдіршіндерін Ел корғауға әзірміз атты әнімен сахна төріне шақырамыз.

Жүргізуші:

Бәйтерек тобының балаларынан қойылым тамашалайық . Батырларымыздың нағыз жеңісін , шыншылдығын , қазақ үшін жан беретін батырларды ағаларымыз әпкелерімізді дәріптеп жүрейік. Қайрат Рысқулбеков сот залында .

Жүргізуші:

Күншуақ тобының қыздарынан би "Синий платочек"

Жүргізуші: Соғыс бітті … Ауыр да азапты жылдар артта қалды, біздің еліміз бейбітшілікті сүйеді. Ананы – баладан, баланы – анадан айырған сұм соғысқа жол жок …

Жүргізуші: Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды!

Олай болса келесі кезек Балдәурен тобының бүлдіршіндеріне берсек

Балдаурен тобы "Батырлар ұраны" биімен қарсы алаңыздар

Жүргізуші:

Атамнан да сұрадым,

Көкемнен де сұрадым.

Ағамнан да сұрадым,

Апамнан да сұрадым.

Тосты бәрі құлағын:

- Дұрыс, - десті, - сұрағың!

Бейбіт күні бәрі де -

Жеңіс күні, шырағым!

Жүргізуші: Гүлдер тобының бүлдіршіндерінің өнерін қабыл алыңыздар .

Гүлдер тобы вальс журавли

Жүргізуші :

Оқ астында зулаған

Туған жермен бір болып.

Жау алдында тұрды олар,

Жиырма сегіз мың болып.

Жау алдында тұрып , елін , жерін қорғаған ата -бабаларымыздың , батыр ана-әжелеріміздің мерекесі .

Батырларымызға арнап Бәйтерек тобының Ән салшы сарбазым атты биін қабыл алыңыздар .

Келесі кезекті Күншуақ тобының сері жігіттеріне берсек .

Күншуақ тобы Десанттар биімен сахна төрінде .

Жүргізуші: Балдырған тобыныңда қыздары бұл мерекелік кешке өз үлестерін қоспақ .

Сахна төрінде Балдырған тобының қыздары " Қазақтың қызымын" атты биімен қабыл алыңыздар .

Жүргізуші:

Достық бізге тым ыстық,

Бірлік-байлық, ырыс-құт.

Жарқырасын күніміз,

Жаса-жаса тыныштық.

Дей отырып сахна төріне Аққөгершін тобының ұлдарын "Десант" биімен кабыл алыңыздар .

Жүргізуші :Жеңіс күні адамзат аңсап күткен күн, айбынды күн.

Құрметті қонақтар міне зымыраған уақыттың қанатында жеңістің тағы бір көктемін атап өтіп жатырмыз .

Ұлы жеңіс сыйлаған,

Жеңісті күн, жемісті. Аталардың ерлігі,

Тойлап отсақ Жеңісті.

Гүлдер тобының бүлдіршіндерінің өнерін қабыл алыңыздар .

Сахна төрінде Гүлдер тобы бүлдіршіндері "Рухты би" атты биін қабыл алыңыздар .

Жүргізуші: Келіп жеткен мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Құттықтау сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Сансызбаев Батырхан ағайымызға берсек.

Жүргізуші: Балалар, ендігі жерде соғыстың өзі түгілі аты аталмасын, жер бетінде, бүкіл әлемде тек бейбітшілік, бейбіт өмір болсын, әрқашан күн сөнбесін!Батырлар сіздерді мерекелеріңізбен құттықтаймыз .

Бүгінгі мерекелік кешіміз өз мәресіне жетті . Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі « Ақжайық» бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісі Б.Сансызбаев

“Балабақшамен қоштасу”

«Бәйтерек, Аққөгершін» топтары
Тәрбиеші:Абдраманова Хуснора

Азимова Мехринса

2025-2026 оқу жылы

Мехринса:

Армысыздар құрметті ата-аналар және қонақтар! Бүгін біз тәрбиелеген бүлдіршіндеріміздің ұямыздан ұшырып, 1-ші сыныпқа шығарып салғалы отырмыз. Көз алдымыздағы тәп-тәтті, сүйкімді балақайларымыз балабақшамен қоштасқалы отыр. Кеше ғана балабақша табалдырығын аттаған жас бүлдіршін бүгін саналы оқушы болып 1-ші сыныпқа қадам басқалы тұр.

Хуснора:

Білім кемесіне мініп, ілім іздеп алға қарай ұмтылу әр азаматтың борышы.қазір осы уақытқа дейін бүлдіршіндеріміздің алған білімдерін көрсетіп, өнерлерімізді ортаға саламыз. Олай болса, мектеп табалдырығын аттағалы тұрған Ақжайық бөбекжай балабақшасының Аққөгершін және Бәйтерек МАД топтарының өнерлі де білімді , ақылды да саналы, инабатты ұл қыздарын қошеметпен қарсы алыңыздар!

Мехринса:

Айналайын балалар!

Сендерде ой сана бар.

Өздеріңнен өседі,

Өнершілдер даналар,

Өсті міне бойларың

Өсті міне ойларың

Қуанышқа ортақпын

Құтты болсын тойларың!

Хуснора:

Құрметті Ақжайық бөбекжай балабақшасының Аққөгершін және Бәйтерек МАД топтарының көркі де сәні болған бүлдіршіндеріміз! Бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын! Болашақтарыңыз жарқын аспандарыңыз ашық, елімізді өркендетер келешектің кемеңгері болыңыздар!

Мехринса:

Ей бүлдіршін, бүлдіршін

Өмір бізді күлдірсін

Тойға келген мына жұрт

Ән мен жырға бір тойсын-деп балаларымыздың орындауындағы **«Үйретеді»** әнін қабыл алыңыздар.

Ән: «Үйретеді»

Мехринса:

Ал ендеше балалар бір ойын ойнап сергіп алайық. Кім шапшаң ойыны?

(балалар орындық ойыны)

Хуснора:

Кешіміз өтіп жатыр салтанатты

Төгілген күн нұрының салтанаты

Ортада бишілерім би билейді

Халайық қол соғыңдар қошеметті-дей келе балаларымыздың орындауындағы «Флешмоб» биін қошеметпен қарсы аламыз.

Би «Флешмоб» Аққөгершін

Хуснора:

Ата-аналар сіздермен көңілді ойын ойнайық. Ойын түрі шарды үрлеу арқылы ыдыстарды жинау.

Ортаға Әліппе мен Математика шығады. Нұрбақ

- **Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерді мектепке барайын деп жатыр дегенді естіп білімдеріңді тексеруге келдім. Менің сұрақтарыма жауап беруге дайынсыңдар ма?**
  - **Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?**
  - **Дыбысталуына қарай олар нешеге бөлінеді?**

Математика Бибимариям

- **Мен сендерге арнайы сұрақтар дайындап келдім**
  1. **1-10ға дейін 3 тілде санау**
  2. **10-1ге дейін кері санау**
  3. **Есеп шығару 10-7=?**
  4. **Есеп шығару 6+3=?**

Жарайсыңдар балалар білімдеріңді тексердік ендеше өнерлеріңдіде тамашалайық.

Мехринса:

- Біздің балаларымыз өсіп мектепке баратын жасқа келгендерімен олардың да сіз бен бізге көрсететін еркеліктері, тентектіктері бар. Олай болса ұл қыздарымыздың орындауындағы «16 қыз» биін қошеметпен қарсы алыңыздар.

Би: «16 қыз»

Хуснора:

Балапандарымыздың ұстаздарға деген алғыс сөздерін қабыл алыңыздар

Ұстаздардың ұстазы,
Тәрбиенің ұстасы
Меңгеруші ағайға
Ырза шеше, әке де.
Бізде мұнда әрдайым
Бәрі - бәрі дап - дайын.
Қамымызды ойлаған
Сансызбаев Батырхан ағайымызға мың алғыс! Жасмина

- Талай талай баспалдақты аттармыз
  Ата-ананың үмітін де ақтармыз Элбек
  Саида Хайратқызы сізден алған ақылды
  Есімізде өмір бойы сақтармыз.

- Денсаулыққа болаттай
  Ауруларды жолатпай
  Күнде болған әбдігер Нурмаганбет
  Қамқоршымыз дәрігер
  Насиба апайға мың алғыс!

- Тәтті тамақ пісіретін
  Айран сүтін ішкізетін
  Аспазшылар сіздерге Каусар
  Айтамыз біз мың алғыс!
  Бота апай Динара апай

- Жаттығулар жасатып,
  Шынықтырар біздерді
  Денемізді тік ұстап
  Сұлу болып өстік біз Фатима
  Динара Абдуллақызына
  Айтамыз біз мың алғыс!

Тәрбиеші апайым

Ақылшымсың әр дайым Дастан
Мейрімге бөленген
Жан апайым арайлым

Осы орайда балабақшамыздың тәрбиешілері

Шоира Нурбекқызына Дастан
Гульбахар Тахирқызына Динмухаммад
Азада Полатқызына Дамир
Малика Худайбергенқызына Шамси
Нилюфар Улугбекқызына Жасур
Мың алғыс!!!

Мехринса:

Қазіргі жас өспірімдердің интернет құралдарын дұрыс пайдалануды үндеу ретінде сіздерге ұсынады (Қойылым)

Хуснора: Аққөгершін тобының ұл қыздарының дайындаған өнерлерін тамашалайық Вальс

Хуснора:

Балалардың жылдамдығын тексерейік шарды жоғарыға лақтырып түсіріп алмай бокалдарды жинап шығу.

Мехринса: Бәйтерек тобының дайындаған арнайы шоуын тамашалаңыздар (Флешмоб)

Хуснора: Ата аналар үшін дайындаған тағы бір ойынымыз бар алдымызға 6 аналарымызды шақырсақ беттерімізге стикер жабыстырып үрлеу арқылы жерге түсіру.

Хуснора: Құттықтау сөз кезегін балабақшамыздың директоры Мөлдір Нұрланқызына, Балабақшамыз меңгерушісі Сансызбаев Батырхан ағайымызға берсек .

Жылдар бойы балапандарымыздың білімі мен өнерін көрсеткені үшін дипломдармен марапаттау рәсімін бастайық

Мехринса: 2026жылдың бітіруші түлектерден қоштасу әнін қабыл алыңыздар

Ән: «Қоштасу әні»

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісі Б.Сансызбаев

“Балғын балалар біздің болашағымыз”

«Бәйтерек тобы»
Тәрбиеші:Абдраманова Хуснора

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Балғын балалар біздің болашағымыз»

Жүргізуші:

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін Халықаралық балаларды қорғау күні. Біздің балабақшада бүгін мереке. Сіздер мереке жақсы көресіздер ме?

Балалар:

- Ия.

Жүргізуші:

Бақшамызда бүгін ұзақ ойнайық,
Балаларды қорғау күнін тойлайық.
Алақай ау, алақай!
Той тойлайық, балақай!
Тақпақ айтып, кезектесіп, бір бірлеп,
Кел, қосылып ән шырқайық, би билеп!
Алақай ау, алақай!
Ән шырқайық, балақай!
Ұғып сөзін тәрбиеші апаның,
Гүл жайнаймыз аясында Отанның!
Алақай ау, алақай!
Гүл жайнайық, балақай!

- Ендеше, алдарыңызда Бәйтерек тобының бүлдіршіндері тақпақтарын айтады.

Элбек.

Бала, бала, баламыз,
Бақшамызға барамыз.
Күні бойы қызыққа
Батамыз да қаламыз!

Роза.

Қиынсынып қашпаймыз,
Шыныгамыз жастай біз.
Көңілді әуен сазымен
Жаттығуды бастаймыз.

Даулет.

Иілеміз оңға бір,
Иілеміз солға бір:
Тәрбиеші қарайды
Аяққа бір, қолға бір.

Жасмина.

Үйренеміз өнер біз,
Шетімізден шеберміз:
Тақпақ айтып, ән шырқап,
Билеп билеп береміз.
Мухаммад.

Әйбат жасыл ауламыз:
Көбелекте аулаймыз.
Бізге арнайы жасаған
Сырғанаймыз «таудан» біз.
Мубина.

Міне, вагон, кіреміз,
Поезбен жол жүреміз.
«кемеге» де мінеміз,
Толқындарды тілеміз.
Эляр.

«Ракетамен» ұшамыз,
Көктен әрі асамыз.
Талғат аға жолымен
Талай жұлдыз ашамыз.
Мубина.

Бала, бала, баламыз,
Бақшамызға барамыз.
Одан көп - көп қызықтар
Күнде біздер аламыз.
Ән «Қошақаным» Бәйтерек тобы.
Жүргізуші:
- Өте жақсы! Мереке күні мен сіздерге банан сыйлағым келіп тұр. (Жүргізуші себетті іздейді, таба алмайды. Орнынан хат табады.) Ой, балалар, қараңыздар! Банан салынған себет орнынан хат қойып кетіпті. Оқып көрейік.
Хат: «Сіздердің сыйлығыңыз менде! Банандарыңызды мен алып кеттім. Іздемеңдер! Таба алмайсыңдар! Қарақшы.»
Жүргізуші:
- Мәссаған! Біздің банандарымызды қарақшылар ұрлап кетіпті. Енді не істейміз, балалар? Қарақшыны тауып алып, сыйлықтарымызды қайтып алайық! Келістік пе?
Балалар:
- Ия.
Жүргізуші:

- Онда барлығымыз саяхатқа шығайық!

Көңілді әуен қосылады. Барлық балалар мен жүргізуші әуен ырғағымен бір орында жүреді.

Кенет алдарынан Мыстан кемпір кездеседі:

- Эээээй, эээээй, эээээй! (Әрлі - берлі сыпыртқысымен жүгіріп өтеді) Эээээй, неғып жүрсіңдер?

Жүргізуші:

- Сәлеметсіз бе, Мыстан әжей! Біз қарақшыны іздеп саяхатқа шығып едік. Себебі ол біздің балаларымыздың сыйлығын сұраусыз алып кетті.

Мыстан кемпір:

- Ееееe, солай де! Көңіліңіз түспесін, балалар! Мен балалардың дауысын естіп қуанып қалып едім. Мен көңілді балаларды жақсы көрем. Не істесем екен?! Олай болса би билеп алайық. Сосын мен сіздермен бірге саяхатқа шығамын!

Жүргізуші:

- Жарайды онда. Балалармен қандай би билейсіз?

Мыстан кемпір:

-«Буги - вуги» биін.

Биге Бәйтерек тобы балалары шығады.

Мыстан кемпір:

- Сіздердің әлі көңіл күйіңіз жоқ сияқты ғой! Балақайлар, мен үнемі сыпыртқыммен ұшып жүрем. Кім менімен ұшқысы келеді?

Балалар:

- Мен, мен, мен...

Мыстан кемпір сыпыртқының артына балаларды кезекпен отырғызып жүгіріп шығады. Балалар мәз болып күледі.

Мыстан кемпір:

- Ух, ах, шаршадым! Белім ай! Қарт болғасын әр жерің ауырады. Қой, мен бір тынығып алайын!

Жүргізуші:

- Жақсы, Мыстан әжей! Балалардың қасына жайғасып отыра ғой! Ал, біз саяхатты жалғастырайық.

Көңілді әуенмен Сайқымазақ кездеседі:

- Сәлем, балақайлар!

Балалар:

- Сәлеметсіз бе!

Сайқымазақ:

- Менің атым Тинки. Сіздерді мерекемен құттықтаймын! Әрқашан ата - анаңызды ренжітпейтін, ақылды балалар болуыңызға тілектеспін.

Жүргізуші:

- Рахмет, Тинки! Біз саяхаттап бара жатырмыз, себебі біздің балаларымыздың

сыйлығын қарақшы ұрлап кетіпті. Соны іздеп бара жатырмыз.

Сайқымазақ:

- Абыржымаңдаңар! Ол қарақшыны табамыз. Мен басқа елдерде тұратын достарыма телефон шалайын, қарақшыны табуға көмектессін.

Жүргізуші:

- Кел, балаларымызбен бірге көңіл көтер. Балаларымыз тақпақтар біледі, ән де айтады.

Тақпақтар:

Бәйтерек тобы балалары

1. Балғындардың үнінде
Көктемдегі бұлақ бар.
Балғындардың жүзінде
Жазғы жайма - шуақ бар.

2. Балғындардың көзінде
Тазалықтың сәні бар.
Балғындардың сөзінде
Даналықтың дәні бар.

3. Балғындардың ойында
Балауса арман бар ізгі,
Балғындардың ойынында
Ертеңгі істің бар ізі!

4. Әзір титтей бойымыз,
Әзір балаң ойымыз,
Тек қуамыз ойын біз.
Дегенмен де, күн санап,
Өсіп келе жатырмыз,
Беске толған батырмыз!

Жүргізуші:Балалар, сендер біздің бақытымызсыңдар. Әрқашан жүздеріңнен күлкі кетпесін! Дендерің сау, білімді әрі тәрбиелі болып өсіңдер!

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі « Ақжайық» бөбекжай балабақшасы

Меңгерушісі Б.Сансызбаев

“30-тамыз Конституция күні!”

«Бәйтерек тобы»
Тәрбиеші:Абдраманова Хуснора

2025-2026 оқу жылы

1. Кіріспе бөлімі

(Зал Қазақстан туымен, шарлармен, «Конституция күні – 30 тамыз» деген жазумен безендірілген.)
Музыка ойнап тұрады. Балалар қолдарына кішкентай ту ұстап, саппен кіреді.

Жүргізуші (тәрбиеші):
– Балалар, бүгін – ерекше күн. Бұл – **Қазақстан Республикасының Конституциясы күні**. Конституция – еліміздің ең басты заңы. Ол бізге бейбіт өмір сыйлайды, достықта өмір сүруге жол ашады. Бүгін біз осы мерекені әнмен, өлеңмен және ойынмен қарсы аламыз!

2. Мемлекеттік Әнұран

Барлығы қолын жүрек тұсына қойып, қысқа нұсқада **Әнұранды орындайды**.

3. Балалардың тақпақтары

Балалар кезек-кезек шығып айтады:

- Элбек
  Конституция күнімен,
- Құттықтаймын Қазағым!
- Шаттықтың атып бұл таңы,
- Арта берсін ғажабың!
- Мубина
  Конституция күнімен,
- Елім менің жүрегім.
- Құтты болсын мерекең,
- Бар жақсыны тіледім.
- Даулет
  Қуанамын, шаттанып,
- Өзің барда Отаным!
- Конституция күнінде,
- Таусылмасын жыр,әнің.

4. Танымдық ойын – «Елімді таны»

Жүргізуші суреттер көрсетеді (Ту, Елтаңба, Әнұран, Астана, Алматы, табиғат, достықта ойнап жүрген балалар).

– Балалар, мынау не?
Балалар: «Ту!»
– Ал мынау не?
Балалар: «Елтаңба!»

– Бұл не үшін керек?
Балалар: «Біздің елімізді тану үшін!»

Қорытынды: Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – әрбір азаматтың парызы.

5. Шағын көрініс – «Заң бізді қорғайды»

Рөлдер:

- Бір бала – «Заң» (қолында Конституция суреті бар).
- Бәйтерек тобы балалары.

Көрініс:
Балалар ойнап жүр, бірі жылайды.
– «Ойыншықты тартып алды!»
– «Мен ренжідім!»

Осы кезде «Заң» шығады:
– «Балалар, ренжісуге болмайды! Конституцияда әр баланың құқығы бар: ойнауға, оқуға, бақытты болуға. Бір-бірлеріңді сыйлаңдар!»

Балалар:
– «Рахмет, Заң! Біз сені сыйлаймыз!»

Барлығы бірге:
– «Біз Отанды сүйеміз!»

6. Би және ән

- Балалар **«Көк тудың желбірегені»** немесе «Менің Қазақстаным» сиякты қысқа патриоттық әнді орындайды.
- Қарапайым би билейді (қолдарында кішкентай жалаушалармен).

7. Қорытынды бөлім

Жүргізуші:
– Бүгін біз Конституция күнін атап өттік. Конституция – біздің бейбіт өміріміздің кепілі. Біз Қазақстанымызды сүйеміз, қастерлейміз.

Балалар хормен:
– «Қазақстан жасасын!»

Балалар жалаушаларын бұлғап, музыка ойнайды.

Бекітемін

ЖШС-гі «Ақжайық» шағын орбекжай-балабақшасы

Меңгерушісі _____ Б.Сансызбаев

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің

Тақырып: Конституция күні

«Балапан» тобы

Тәрбиеші: Темирханова М

2025-2026

Конституция күні

30 Тамыз – Конституция күні

Мақсаты:Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу.

Көрнекілігі: Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың суреті, мемлекеттік рәміздер, әнұранның фонограммасы, слайд .

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру ,сұрақ-жауап, әнұран, би,ойын.

Балалар шаттық шеңберге тұрып амандасады:

Амансын ба, көк аспан!

Амансын ба, жер-ана!

Амансын ба, достарым!

Сендерді көрсем қуанам.

Жүргізуші сұрақтар қояды, балалар жауап береді.

- Арайлаған таңды сүйетін кім?

- Алтын сәулені сүйетін кім?

- Жарқын даланы сүйетін кім?

- Туған жерді сүйетін кім?

- Ата-ананы сүйетін кім?

- Досын сүйетін кім?

- Еліміздің болашағы кімдер?

Жүргізуші: - Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет. Еліміз тәуелсіздікті 1991жылы алды. Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алған соң 30 – тамызда 1995жылы өз Ата Заңымыз қабылданды. 30 тамыз – мемлекеттік мереке Конституция күні деп аталды.

Елдігімнің – ерең,

Тендігімнің – тірегі,

Мүддесінен халықтың

Ажырамас бір елі.

Алтын заңым – арай таңым!

Балаларға конституция кітабының суретін көрсетеді.

Жүргізуші: Еліміздің тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздері бар. Мемлекеттің барлық азаматтары-үлкендерде, балалар да-мемлекеттік рәміздерді, олардың символикаларын білуі және түсінуі тиіс.

Өз еліңнің Туын, Елтанбасын және Әнұранның құрметтеу ол өз Отаныңды құрметтеу және сыйлау.

- Балалар, біз қай елде, қай Республикада тұрамыз?

- Қазақстанның елордасы қай қала?

- Елбасымыз кім?

- Біз Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз бе?

- Балалар сендер рәміздер туралы білесіндер ме?

Жүргізуші:Қатар шапқан қос тұлпар,

Ай үстінде қазақ үй

Қалықтаған жас сұңқар.

Шарықтаған таза күн

Бұл танбасы елімнің,

Елдігімнің белгісі.

Балаларға елтаңбаны көрсетіп түсіндіреді.

Жүргізуші:Отан туы желбіреп,

Көз тартады құбыла.

Біз қараймыз елжіреп,

Туған жердің туына.

Балаларға туды көрсетіп түсіндіреді.

Жүргізуші:Әнұраным-жан ұраным,

Айтар әнім,сөйлер сөзім.

Туған жерім сағынарым,

Мәңгі-бақи шырқалады,

Республика әнұраны.

Балаларға әнұран айтуды ұсынады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалады.

Қимылды ойын «Киіз үй»

Көтеріліп шанырақ,

Уықтары шаншылар.

Керегелер керіліп,

Өрімдей боп өрілер,

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй боп көрінер.

Слайд көрсету.

Қыздардың орындауында «Қамажай» биі.

Жүргізуші: Конституция күні баршамызға құтты болсын!

Еңсесін асқақтатқан Қазақстанымыз жайнап, гүлдене берсін дей отырып «Конституция күні» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз